



АСТАНАНЫҢ АУАСЫ ҚАЛАЙ ТАЗАРАДЫ?

7-БЕТ | САРАПТАМА



«ОТАУ» СЕНІМДІ АҚТАЙ МА?

8-БЕТ | МӘСЕЛЕ



САРАЙШЫҚТЫҢ СИҚЫ АЛАҢДАТАДЫ

9-БЕТ | ҚОҒАМ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Түрлі сын-қатерге қарамастан, біз стратегиялық мақсат-міндеттерімізден айнамаймыз. Аз уақыт ішінде жүйелі саяси реформалар жасадық, экономиканы жаңғыртатын және қоғамдық этиканы жаңартатын ауқымды шараларды қолға алдық. Саяси өзгерістер азаматтық қоғамның дамуына әлден-ақ тың серпін беріп үлгерді. Отандастарымыздың мемлекеттік маңызы бар шешім қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігі едәуір артты.

№60

(4648)

Сейсенбі
21 мамыр
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТҮЛЕКТЕРГЕ ҮНДЕУ ЖАСАДЫ

Ішкі істер министрлігі мектеп бітіруші түлектер мен олардың ата-аналарына үндеу жариялады.

«25 мамырда еліміздің барлық мектебінде оқу жылының аяқталуына арналған сынып сағаты өтеді. Ішкі істер министрінің тапсырмасы бойынша салтанатты іс-шаралар барысында қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әрбір оқу орнына жауапты полиция қызметкері бекітілді. Патрульдік нарядтар іс-шаралар өтетін орындарға барынша жақын болады.

Соңғы жылдардағы тәжірибеге сүйенсек, мектептердегі соңғы қоңыраулар аяқталғаннан кейін ата-аналардың рұқсатымен көптеген түлек іс-шараларды өз бетінше жалғастырады. Өкінішке қарай, жасөспірімдердің көлік тізгіндеуі қайғылы оқиғаларға әкеліп жатады. Өткен жылы мұндай фактілер Жамбыл, Атырау облыстары мен Алматы қаласында орын алды. Сондай-ақ былтыр Ақмола, Маңғыстау және Атырау облыстарындағы су айдындарының шомылуға жабдықталмаған жерлерінде жасөспірімдердің суға кету жағдайлары тіркелді. Осыны ескере отырып, ата-аналар мен түлектерді мінез-құлықтың қажетті нормалары мен ережелерін сақтауға шақырамыз. Құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда дереу 102 арнасына, ал төтенше жағдайлар туындаған кезде 112 нөміріне хабарласуды сұраймыз» делінген ІІМ ресми өкілінің хабарламасында.

ҮРІМШІГЕ ҮШ РЕТ ҰШАДЫ

30 мамырдан бастап Астана-Үрімші бағытында «China Southern Airlines» әуе компаниясы аптасына 3 рет жолаушы тасымалдайды.

Азаматтық авиация комитетінің хабарлауынша, сыйымдылығы 128-ден 178 орынға дейінгі Boeing 737 ұшақтары жолаушы тасымалдайды.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы қазандағы Қытайға сапарының қорытындысы бойынша елдер арасындағы рейстердің жалпы саны аптасына 27-ден 43-ке дейін ұлғаяды. Қазақстан мен Қытай арасындағы рейстер санының артуы елдер арасындағы туристік, мәдени, инвестициялық және іскерлік ынтымақтастықты одан әрі дамытуға, сондай-ақ халықаралық әуе тасымалы нарығындағы бәсекелестіктің артуына және әуе билеттері бағасының төмендеуіне ықпал етеді» делінген Азаматтық авиация комитеті баспасөз қызметінің мәліметінде.

Елордада өткен «Run for Autism» қайырымдылық жарысында жүргірген 2000-нан аса әуесқой спортшы «Таза Қазақстан: Астана-тазалық пен тәртіптің үлгісі» экоакциясына да қатысты.



Оңалхан ӨНЕРХАН

5

ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІПТІ ҮЛГІ ЕТТІ

ДАЙЫНДЫҚ ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДА

Астанада көктем мезгіліне қарамастан электр қуаты көздерін жаңа жылыту маусымына дайындау жұмысы басталды. Бұл туралы елорда әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.



«Қалада өмір сүру сапасы инженерлік желілердің үздіксіз жұмысына байланысты. Қыста қаладағы нысандарға жылу баруы үшін қолданыста 1 мың шақырымнан астам жылумен жабдықтау желісі бар. Қазірдің өзінде энергия көздерін жаңа жылыту маусымына дайындау жұмысы басталды. Орташа есеппен қалада жылыту маусымы шамамен 7 айға созылады. Жылыту маусымы ауа райының құбылуына қарамастан, желіде жүктемесіз штаттық режимде өтті. Жыл сайын әлеуметтік және тұрғын үйлерден бастап жүздеген нысанды жылу желісіне жалғаймыз. Өткен жылыту маусымында қаламыз алғаш рет жылу профицитімен шыға алды. Мәселен, алдыңғы жылыту маусымында жылу тапшылығы болды, осыған байланысты бірқатар жаңа нысан жылумен жабдықтау желісіне қосыла алған жоқ» деп түсіндірді мәселені әкім.

2



Қаныш СӘТБАЕВ 125

Павлодарда көрнекті геолог-ғалым Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған «Ұлы дала жорығы» кең ауқымды республикалық марафон-бәйге үшінші маусымы басталды.

Биыл 500 шақырымдық марафон-бәйге Павлодар-Астана бағыты бойынша өтеді. Оған Қазақстанның әр өңірінен 19 команда қатысып жатыр. Олардың қатарында Астана қаласының командасы да бар. Командалар 5 күн бойы күніне 100 шақырым жол жүреді.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 473.54 \$ USD/KZT 439.4 ₸ RUB/KZT 4.76 ¥ CNY/KZT 60.82

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



САУДА АЙНАЛЫМЫ 6 МЛРД ДОЛЛАРҒА ЖЕТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Нуман Куртулмушты қабылдады. Кездесуде Қазақстан мен Түркияның кеңейтілген стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайту мәселелері талқыланды. Мемлекет басшысы парламенттік дипломатияның әлеуетін жоғары бағалайтынын атап өтіп, Түркия Ұлттық Мәжілісі төрағасының Қазақстанға сапарының мәні зор екеніне назар аударды.

«Бұл кездесу Достық және ынтымақтастық туралы келісімнің 30 жылдығы қарсаңында өтіп жатыр. Мұның символдық мәні бар. Жақында ғана әріптесім Режеп беймен телефон арқылы сөйлестім. Біз үнемі хабарласып отырамыз. Сондықтан екі ел арасындағы диалог өте жақсы дамып келе жатыр. Жалпы, Түркия – Қазақстанның ең ірі бес сауда серіктесінің бірі. Сонымен қатар басты 10 инвестордың қатарына кіреді. Былтыр екіжақты сауда-саттық көлемі 6 миллиард долларға жетті. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Қарым-қатынасымыздың әлеуеті өте зор. Сондықтан келешекте өзара сауда айналымы 10 миллиард долларға жететініне ешқандай күмәніміз жоқ» деді Президент.

Өз кезегінде Нуман Куртулмуш атажұртта түрік делегациясына көрсетілген сый-құрмет үшін ризашылығын білдірді. «Қазақстан – біздің атажұртымыз әрі түркі халқына ортақ рухани тұлға Қожа Ахмет Ясауидің отаны. Біз Түркістан қаласына жол жүріп, қасиетті орындарға зиярат етеміз және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-Түрік халықаралық университетінде конференция өткіземіз. Қазақстан Сіздің басшылығыңызбен дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Еліңізде табысты саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалар жүріп жатыр. Мұның бәрі Қазақстанның өркендеуіне оң ықпалын тигізеді деп ойлаймын. Алдағы уақытта Түркия мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық одан әрі нығая түсетініне сенімдімін. Екі елдің

сауда, технология, өнеркәсіп, логистика, энергетика және ауыл шаруашылығы салаларындағы әлеуеті зор» деді Түркия Ұлттық Мәжілісінің төрағасы.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Нуман Куртулмуш екі елдің халықаралық ұйымдар аясындағы ықпалдастығын күшейту және Түркі мемлекеттері ұйымына мүше бауырлас елдердің өзара ынтымағын нығайту жөнінде пікір алмасты. Сондай-ақ Түркия елінің басшылығымен алдағы кезеңге жоспарланған жоғары деңгейдегі кездесулер пысықталды. Кездесу соңында Мемлекет басшысы түрік спортшылары мен делегациясы биыл қыркүйек айында Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына белсенді қатысатынына сенім білдірді.

БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Мемлекеттік кеңесінің мүшесі, Сыртқы істер министрі Ван Иді қабылдады.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай дипломатиясының әлемдік саясатта аса маңызды рөл атқаратынына тоқталды. Оның айтуынша, Қытайдың бастамалары жаһандық күн тәртібіне ықпал етеді және халықаралық бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға елеулі үлес қосады. Мемлекет басшысы Қытайды тауар өндіру және экспорттау, технологиялық инновация, экономикалық өсім, халықаралық инвестиция және басқа да көптеген салада мойындалған көшбасшы ел ретінде атап өтті.

Сонымен қатар Президент БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК сияқты халықаралық ұйымдар аясындағы қазақ-қытай қатынастарына жоғары баға берді. – Қазақстан Қытайдың сенімді серіктесі және солай болып қала береді. Бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру үшін қолдан келгенін бәрін жасаймыз. Шын мәнінде, екі ел арасындағы байланыстар мен ынтымақтастықтың болашағы зор, – деді Президент.

Министр Ван И қазақ жерінде құрмет көрсеткені үшін Мемлекет басшысына

алғыс айтып, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің ізгі тілегін жеткізді.

Бұдан бөлек, кездесуде сауда-экономикалық, энергетикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ықпалдастықты одан әрі нығайту перспективалары, сондай-ақ үкіметаралық қатынастарды кеңейту мүмкіндіктері талқыланды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге сәлемін жолдап, оның Астанаға жасайтын алдағы мемлекеттік сапарына үлкен үміт артатынын жеткізді.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕЛЕШЕГІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Әмірліктер тарапының бастамасымен осы елдің Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянмен телефон арқылы сөйлесті. Тараптар екіжақты ынтымақтастықты дамыту перспективаларын талқылады.

Атап айтқанда, сауда-экономикалық және инвестициялық салалардағы қатынастарды нығайтуға баса мән берілді. Осы ретте екі ел басшылары Қазақстан мен Әмірліктер арасындағы серіктестіктің қазіргі деңгейін жоғары бағалай отырып, қол

жеткізілген барлық уағдаластықты тиімді жүзеге асырудың маңызын атап өтті.

Мемлекеттер басшылары саяси диалогты одан әрі кеңейтуге, сауда-саттық байланыстарды жандандыруға және экономиканың түрлі секторларында

бірлескен жобаларды жүзеге асыруға өзара ниетті екенін растады. Әңгімелесу барысында БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты өткен туған күнімен құттықтады.

ИРАН ХАЛҚЫНА КӨҢІЛ АЙТТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Иран Президенті Ибрахим Раисидің қайтыс болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасының Президенті Ибрахим Раиси мен үкіметтік делегация мүшелерінің Шығыс Әзер-

байжан провинциясында тікұшақ апаты салдарынан қайтыс болуына байланысты Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан осы елдің

Жоғары лидері Әли Хаменеи мен Бірінші Вице-Президенті Мохаммад Мохберге және барша иран халқына көңіл айтты.

ДАЙЫНДЫҚ ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өткен күзде тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің бірқатар жаңа нысаны салынып, пайдалануға берілгенін айтты.

«Оңтүстік-шығыс» газ жылу станциясы, «Тұран» газ жылу станциясының бірінші кезеңі, сонымен қатар №3 жылу-электр орталығы бірінші кезеңінің құрылысы аяқталды, ол құрылысы ұзаққа созылған нысанның бірі болды. Аталған нысанның барлығы қалаға 1100 Гкал/сағаттан астам қуат берді. Биыл «Тұран» ГЭС екінші кезеңінің құрылысын жалғастырамыз. Бұл қалаға қосымша 250 Гкал/сағат жылу көлемін береді. Осылайша «Газмашаппаратура», «Жағалау», «Батығай» аудандарын жылумен қамтамасыз етеміз, тиісінше қолданыстағы жылумен жабдықтау жүйесінің жылу қуаты артады» деп жазды әкім әлеуметтік желідегі парақшасында.

Сонымен қатар қала басшысы №3 жылу-электр орталығының екінші кезегі аясында көмірмен жұмыс істейтін блоктың құрылысы жүргізіліп жатқанын жеткізді.

«№1 жылу-электр орталығын-



дағы 8 қазандық пен 2 турбинаға кезекті жөндеу, 2 қазандық пен 1 турбинаға күрделі жөндеу жүргізіп жатырмыз. Сол сияқты химиялық, турбиналық және электр цехтарындағы жабдықтарды кезекті жөндеуден өткіземіз. Ал №2 жылу-электр орталығында 11 қазандық пен

5 турбинаға кезекті жөндеу, 3 қазандық пен 2 турбинаға күрделі жөндеу жүргіземіз, сондай-ақ қосалқы жабдыққа кезекті кеңейтілген жөндеу жүргіземіз. №3 жылу-электр орталығының екінші кезегі аясында көмірмен жұмыс істейтін блоктың құрылысы жүргізіліп

жатыр. Өткен жылы бұл станция (1-кезең) қалаға 440 Гкал/сағат жылу энергиясын берді. Биыл «Астана-Теплотранзит» АҚ жылумен жабдықтау желілері бойынша 0,9 шақырымға кезекті жөндеу және 7,6 шақырым жылумен жабдықтау желілерін реконструкциялау жоспарланып отыр» деді Ж.Қасымбек.

Қаланы аралау барысында әкім «Жұлдыз» қосалқы станциясына барды.

«Бұл жерде қосымша 55 мыңнан астам адам тұруы

мүмкін Мыңжылдық аллеясы ауданын электрмен қамтамасыз ететін қосалқы станцияны қайта құру жұмысы жүргізіліп жатыр. «Астана-АЭК» АҚ 63,3 шақырым электрмен жабдықтау желілерін, 69 тарату және трансформаторлық қосалқы станцияларды жөндеу және ауыстыру, 175,2 шақырым желілерге техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыс орындалады. Алдағы жылы маусымна дайындық мәселесі ерекше бақылауда» деп сөзін түйіндеді Ж.Қасымбек.





БАҒАНЫ ҚАДАҒАЛАЙДЫ

Үкімет үйінде Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері бағасының жағдайы талқыланды.

«Өткен аптада әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының орташа индексі үшінші апта қатарынан тұрақты қалып сақтады. Осылайша, жыл басынан 14 мамырға дейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының өсімі 0,3 пайыз деңгейінде қалып отыр. Бір апта ішінде қырыққабаттың орташа бағасы 3,6 пайызға төмендеді, бірақ сәбіз, картоп және пияз бағасының өсімі жиналып жатыр, егістік басындағы сату бағасы бір келісі үшін 20 теңгеден

басталады» деді кеңесте Сауда және интеграция министрінің бірінші орынбасары Айжан Бижанова.

Басқа өңірлер тарапынан жаңа өнімге деген сұраныс өте төмен. Десе де сөрелердегі қырыққабаттың бағасы 1 келісі үшін 154 теңгені құрап отыр. Құзырлы министрлік өңірлерге Түркістан облысынан жаңа піскен көкөніс сатып алуды пысықтауға шақырды. Демалыс күндері Өзбекстаннан импортталған жаңа пияздың алғашқы партиялары жеткізілмек. Өзбек көкөнісінің баға диапазоны

бір келі үшін 62-71 теңге болмақ. Келісімшарттарға сәйкес, алғашқы жеткізілімдер Батыс Қазақстан облысы, Қостанай, Қызылордаға жіберіледі. Жаңа импорттық егінді жеткізуге әзірге тек 10 аймақ өтінім берді.

«Барлық әкімдіктер, келесі апта ішінде жаңа піскен егінді өз таңдауларыңызбен импорттық я болмаса қазақстандық өндірушілерден сатып алу бойынша барлық келісімшарттың жұмысын аяқтаңыздар. Көкөністердің бағасын тұрақтандыру қажет» деп жиынды қорытындылады Серік Жұманғарин.

ҚОС ТАРАПҚА ТИІМДІ КЕЛІСІМ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов Шэньчжэнь муниципалдық жиналысы халық өкілдерінің тұрақты комитеті төрағасының орынбасары Чэнь Гуанрунмен кездесті. Басқосуда тараптар экопарландыру саласындағы ынтымақтастық, «Астана энергиясы» акционерлік құрылымы жөніндегі жобаны бірлесіп іске асыру туралы мәселелерді талқылады. Бұл туралы мәслихат төрағасы Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.



«Жақын арада елордалық мәслихат пен Шэньчжэнь муниципалдық жиналысы (ҚХР) арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қоямыз. Цифрландыру, кәсіпкерлік, табиғи ресурстар және мәдениет салалары бойынша делегациялар алмасуды жоспарлап отырмыз. Шэнь-

чжэньді Қытайдың «Кремний алқабы» деп атайды. Бұл қала көптеген технологиялық компаниялар мен стартаптарды өзіне тартатындықтан, жоғары технологиялар мен инновациялардың орталығы саналады. Шэньчжэньнің қалдықтары жағу саласындағы бай тәжірибесін біз үйреніп,

осы бағытта бірлесіп жұмыс істеуге ниеттіміз. Бұл жоба Шэньчжэнь мен Астана арасындағы ғылыми-техникалық және экологиялық ынтымақтастық салаларындағы бауырлас қалалар туралы келісім шеңберіндегі ынтымақтастықтың негізі және бастамасы болады» деп түсіндірді Ерлан Каналимов.

БАНКРОТ ДЕП ТАНЫЛДЫ

97 мың қазақстандық соттан тыс банкроттық рәсімін қолдануға өтініш берген. Оның ішінде 80 мың өтінішке бас тартылды.

11,7 мыңнан астам азамат банкрот деп танылды. 25 млрд теңгеден астам есептен шығарылды. Республика бойынша Алматы облысы,

Түркістан облысы, Алматы қаласы, Жамбыл облысы мен Қызылорда облысы тұрғындарынан банкроттыққа ең көп өтініш түскен.

КЕЛЕҢСІЗДІКТЕРГЕ КӨЗ ЖҰМЫП ҚАРАМАЙЫҚ!

Мемлекет басшысы – еліміздегі әрбір бала құқығының қорғалуы мен сақталуының кепілі. Бұған дәлел, Президенттің тікелей пәрменімен балалардың қауіпсіздігін сақтау бойынша маңызды заң қабылданды. Енді балаларға байланысты әрбір мәселе мемлекеттік деңгейде бақылауда болатыны хақ. Дегенмен елімізде әлі де кездесетін кейбір келеңсіздіктер осыған қарсы жасалып жатқандай әсер қалдырады. Соның бір көрінісі – балалардың жазғы демалысын ұйымдастырудағы олқылықтар.

Мысалы, былтыр Алматы облысының Ұзынағаш ауылында балалар лагерін саунада ұйымдастырған. Ол қоғамда үлкен шу туғызды. Осы мәселе бойынша сот жуырда ғана аяқталды. Кінәлілер сотталып, бас бостандығынан айырылды. Сот 2023 жылы кәсіпкер әйелдің 50 баланы балалар лагері деп өз жеке мектебіне, 300 баланы фитнес-орталығы бар монша кешеніне орналастырғанын анықтады. Басқа басқа, балаға қатысты мұндай теріс қадамға бару нағыз бассыздық, ақша үшін ардан аттау емес пе?!

Тағы бір мысал, Бас прокуратура 2023 жылы тамызда Алматы облысында уәкілетті органның рұқсатынсыз жұмыс істеген 8 балалар лагерін анықтаған. Олардағы жағдай да ешбір сын көтермейді. Санитариялық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі нормалары мүлдем сақталмаған. Спорт және ойын алаңдары да қауіпсіздік талаптарына сай емес. Былтыр Қонаев қаласындағы «Бәйтерек» лагерінде, шартта көрсетілгеніне қарамастан, балалардың тиісті демалысы мен оқуы ұйымдастырылмаған. Сол секілді Шымкенттегі «Hawaii» лагері өртке қарсы дабыл жүйесімен жабдықталмаған және міндеттелген санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысыз жұмыс істеген. Сондай-ақ 220 балаға арналған «Үш бұлақ» лагері іс жүзінде 310 оқушы қабылдаған. Былайша мөлшерден тыс тығыз

орналастыру балалардың демалуына теріс әсер ететіні айтпаса да түсінікті. Айта берсек, мұндай мысалдар жетерлік. Балалар мұндай жазғы демалыс орындарында алаңсыз тынығып, жаңа оқу жылына тың күшпен келудің орнына, түрлі келеңсіздікке ұшырап жатқаны өкінішті.

Жоғарыда аталған заң енді мұндай орындарды ескертусіз тексеріп, талапты сақтамағандарға нақты шара қолдануға мүмкіндік береді. Сондықтан осындай олқылықтардың барлығын жойып, балалардың биылғы жазғы демалысын сапалы ұйымдастыруға жете мән берген жөн. Бұл ретте назар аударатын мәселе – елімізде балалар лагері мүлдем жетіспейді. Олар бар болғаны балалардың 10 пайызын ғана қамтиды. Оның ішінде де сапалы демалысты қамтамасыз ете алатыны санаулы ғана. Оған қоса, пандемиядан кейін лагерлердің 30 пайызы нарықтан кетті.

Ашығын айту керек, балалардың жазғы демалыспен қамтылуы туралы статистикасы көкейге қонбайды. Өйткені жергілікті әкімдіктер мектеп жанындағы лагерлерді жазғы лагерлер деп есептейді. Бұл жөнсіз. Тағы да қайталап айтатын, мектеп жанындағы лагерлер жазғы демалыс емес, ол тек қана 5-6 сағат уақыт өткізу.

Тағы бір атап өтерлік мәселе – еліміздегі лагерлердің басым бөлігі Кеңес Одағы кезінде салынғандықтан,

тозығы жетіп тұр. Сондықтан салынуы оңай, шығынды аз талап ететін глэмпинг базасындағы киіз үйлер, шатырлар түріндегі лагерлерді ұйымдастырып, олардың стандартын енгізу қажет. Сондай-ақ елімізде педагогтарды дайындайтын оқу орындары көп болғанмен, әлі де лагерлерде жұмыс істейтін жетекші-тәрбиешілерді дайындау жүйесі жолға қойылмаған. Осы ретте Amanat партиясының Жол картасында 50 балалар сауықтыру лагерін салу көзделген. Алайда оның биыл тек 5-еуінің ғана құрылысы жүріп жатыр. Қорыта келе, балалардың жазғы демалысына қатысты жоғарыдағыдай келеңсіздіктердің алдын алу үшін тез арада келесі шараларды қолға алуды ұсынамыз:

1. Су басқан өңірлердің балаларын жазғы сауықтыру лагерлеріне арнайы ұйымдастыру керек.

2. Жазғы балалар сауықтыру орталықтары тиісті салалық мамандармен қамтамасыз етілуі тиіс.

3. Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс өткізу кезінде ерекшеліктері бар балаларға инклюзивтік білім беру талаптарын орындау көзделуі тиіс.

4. Бизнес өкілдері мен сала мамандарын қатыстыра отырып, Қазақстанда балалар демалысын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеген жөн.

Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,
Мәжіліс депутаты

ШЫҰ МИНИСТРЛЕРІ БАС ҚОСАДЫ

Бүгін Астанада ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеудің төрағалығымен Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің кезекті отырысы өтеді. Басқосуға ұйымға мүше мемлекеттердің сыртқы саяси ведомстволарының басшылары, Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы және ШЫҰ өңірлік терроризмге қарсы құрылымы атқарушы комитетінің директоры қатысады.

Отырыс барысында биыл Астанада өтетін ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына дайындық барысын қарау жоспарланған. Делегация басшылары ұйым

аясындағы саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы халықаралық және өңірлік ахуал, қауіпсіздік әрі ынтымақтастықты дамыту мәселелері бойынша пікір ал-

масады. Отырыста ұйымның алдағы саммитінің қорытынды құжаттарына қатысты бірқатар шешімге қол қою, сондай-ақ ақпараттық хабарлама қабылдау ескерілген.

АСТАНАДА УНИВЕРСИТЕТ ФИЛИАЛЫ АШЫЛАДЫ

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрі Ван Имен кездесуде Астанада Бейжің Тіл және мәдениет университетінің филиалын ашу жоспары туралы айтты.

«Өзара визасыз режим мен Қытайдағы Қазақстан туризмі жылы туристік ағымының өсуіне серпін беретініне сенімдімін. Биыл Астанада Бейжің Тіл және мәдениет университетінің филиалын

ашу жоспарын құптаймыз. Сонымен қатар Қазақстанда Қытайдың озық техникалық жоғары оқу орындарының басқа да филиалдарын ашуға мүдделіміз. Көріп отырғанымыздай, Қазақстан-

Қытай қарым-қатынасының векторы тату көршілік пен өзара сыйластық рухында қарқынды өсуді көрсетіп отыр» деді Мұрат Нұртілеу қытайлық әріптесін қарсы алу кезінде.



ЖОЛ КАРТАСЫНА ҚОЛ ҚОЙЫЛАДЫ

Жақын күндері Астана мен Санкт-Петербург арасындағы мәдениет, жастар саясаты, туризм, өнеркәсіп, кәсіпкерлік, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы ынтымақтастық жөніндегі Жол картасына қол қойылады. Бұл туралы Астана мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Елордаға Невадағы заң шығарушы жиынның төрағасы Александр Бельский бастаған делегация мүшелері ресми сапармен келді. Делегация құрамында Санкт-Петербургтің вице-губернаторы Борис

Пиотровский, қала құрылысы, жер және мүлік, заңнама мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиялардың басшылары бар. 2021 жылғы желтоқсан айында VII шақырылымдағы мәслихат депутаттары Санкт-Петер-

бургке барып, әріптестерінің жұмысымен танысып, бизнес қауымдастығы мен мемлекеттік органдардың өкілдерімен бірқатар кездесу өткізген еді» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

ЖУРНАЛИСТЕРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Астанада ҚР Жоғарғы сотының судьясы Елена Максютта «Elorda Aqparat» медиахолдингінің қызметкерлерімен кездесті. Жүздесуге «Вечерняя Астана», «Астана ақшамы» газеттерінің және «Elorda.info» желілік басылымының журналистері жиналды.

ҚР Жоғарғы сотының судьясы кездесу барысында сот жүйесіндегі өзгерістер, кейбір іс жүргізу аспектілері және судья ретіндегі жеке тәжірибесі туралы егжей-тегжейлі баяндады. Журналистер сот ісін жүргізу туралы толық ақпарат алды. Сондай-ақ іс-шара барысында сот жүйесінің ашықтығы мен

қолжетімділігі, оның ішінде сот отырысы залдарынан тікелей трансляциялар өткізу мәселелері талқыланды.

– Сот процестері адамдарға сотпен белгілі бір алгоритм мен ережелер бойынша жұмыс істейтінін түсіну үшін ашық өтеді. Бұл өте маңызды, өйткені халық отырыстың қалай өтіп

жатқанын осылай түсінеді. Жоғарғы сотта кез келген адам келе алатын ашық процестер үнемі жүргізіліп тұратынын атап өткім келеді, – деді Елена Максютта.

Судья сөз сөйлегеннен кейін журналистер өздерін қызықтырған сұрағын қойып, толық жауап алды.

ЖАС САРБАЗДАР ЖАРЫСТЫ

Триатлон саябағында «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері арасында Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдығына арналған жарыс өтті.

ҚР тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдығына арналған іс-шараға 150 үміткер қатысты.

– «Жас сарбаз» қозғалысына мүше болғанға 1 жылға жуықтады. Осы уақыт ішінде жаңа достар

таптым. Барлық кездесу мен іс-шараға қатыса алмаймын, бірақ спорт іс-шараларын ешқашан жіберген емеспін. Өйткені сынға түсіп, спортта өз мүмкіндігімді сынағанды ұнатамын, – деп ой бөлісті қатысушылардың бірі Мәдина Әмірғали.

Жарыс екі қашықтық бойынша өтті: ұлдар 6 шақырым бойынша бақ сынаса, қыздар 3 шақырымға жүгірді. Мәреге жеткен алғашқы 6 адамға төсбелгі, алғыс хат және «Жас сарбаз» қозғалысының символикасы бар сыйлықтары берілді.



ДОСТЫҚ ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Қарулы Күштердің әскери-тарихи мұражайында қалалық этномәдени бірлестіктердің шығармашылық ұжымдары арасында «Бірлігі жарасқан Қазақстан» атты Қазақстан халқы достығының фестивалі өтті. Биыл 25 рет өткізілген фестивальге 18 этномәдени бірлестіктің шығармашылық ұжымы қатысты.

Дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан Қазақстан халқы достығының фестивалі елорда тұрғындары мен қала қонақтары үшін бірлік пен келісімнің көрінісіне айналған.

Достық үйіндегі этномәдени бірлестіктер жыл бойы атқарған жұмысы мен өнерін осы фестивальде жұртшылық назарына ұсынды. Бұл жолы алғаш рет грузин ұлтының вокалдық-аспаптық ансамблі өнер көрсетті.

«Бұл фестивалді бәріміз

«Таң» татар-башқұрт мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі «Дуслық» халық ансамблінің жетекшісі Ә.Ергарина.

«Астана қаласының көрістер этномәдени бірлестігі» қоғамдық бірлестігінің өкілі Лариса Цай қазақ жеріне қоныс аударылып келген жандардың ұрпақтары өсіп-өнуіне, тілі мен салт-дәстүрін, мәдениетін сақтауға барлық мүмкіндік берілген Қазақстанға, қазақ халқына алғысым шексіз деген ойын айтты.

хатшылығының жетекшісі Самат Қабдуллиннің айтуынша, этномәдени бірлестік өкілдері қазақ тіліндегі шығармаларды орындау жөнінде өздері ұсыныс білдіріпті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты сессиясында «қазақ тілі уақыт өте келе этносаралық қатынас тіліне айналатынына сенімдімін. Қазақстан – қазақ тілі мемле-



асыға күтеміз. Себебі қаламыздағы барлық бірлестік өкілдері жиналып, қуанышымен бөлісіп, бір-бірінің өнерін тамашалайды. Біздің достығымыз – көзбалушылық емес, шынайы достық, әрбір ұлт өкілі бір-біріне қолдау көрсетіп, тіпті сахна костюмдерін тездетіп киюге, көрерменнің алдына әдемі болып шығуына көмектесіп жатады. Осындай кішкентай әрекеттерден-ақ еліміздегі этнос өкілдерінің достығын байқауға болады деп ойлаймын» деді

«Фестивальге қатысып жатқан этномәдени бірлестік өкілдерінің ата-бабасы осында жер аударылып келген. Қазақ ұлты бізді бауырына тартып, наным бөлісті. Мұны ешқашан ұмытпаймыз. Біздің Отанымыз, үйіміз – Қазақстан» деді ол.

Елордалық Қазақстан халқы ассамблеясының ұйымдастыруымен өткен фестивальде қазақ халық әндері мен сазгерлерінің әндері де шырқалды. ҚХА этносаралық қарым-қатынас мәселелері бөлімі

кеттік тіл саналатын көп тілді ел, болашақта да солай бола береді» деген болатын. Соған орай фестивальге қатысушылар қазақ тіліндегі шығармаларды орындауға шешім қабылдады. «Адай», «Ерке сұлқым» күйлері шертіліп, «Жаса, Қазақстан», «Сарыарқа» сияқты әндер орындалды» деді ол.

Іс-шара соңында этномәдени бірлестіктердің шығармашылық ұжымдары естелік сыйлықпен және алғыс хатпен марапатталды.

КӨРШІСІНІҢ АТЫНА НЕСИЕ РӘСІМДЕГЕН

Астана қаласының тұрғыны көршісінің сеніміне кіріп, оның атынан 6 несие рәсімдеген. Ол банктерден мобильді банкинг арқылы 2 несие алып үлгерсе, қалғанын шағын несие ұйымдарынан алған.

Күдікті көршісімен сенімді қарым-қатынаста болған және оның жұмыс іздеп жүргенін білген соң, оған көмектеспек болған сыңай танытқан. Сөйтп көршісінің жеке дерегін

иемденіп алған күдікті жалпы сомасы 4 миллион теңге онлайн-несие алған.

Қазір Байқоңыр ауданының полиция қызметкерлері күдіктінің үстінен қылмыс-

тық іс қозғады. Алаяқтық жасаған күдікті қылмысын мойындады. Оның елордада осыған ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғы анықталып жатыр.

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ КИНО КӨРСЕТІЛДІ

«Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы «Нұрлы жүрек» балалар үйінің тәрбиеленушілерін «НВП ағай» кинофильмін көрсетуге апарды. Бұл іс-шара Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдығына арналды.

«Сағадат Нұрмағамбетов – Кеңес Одағының Батыры және Қазақстанның Халық қаһарманы атағын алған, армия генералы атағын алған ерекше әскери

қолбасшы, тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі болған тарихи тұлға. Біз әскери-патриоттық іс-шараларымызды осындай

тұлғаларға арнап өткіземіз» дейді «Жас сарбаз» қозғалысының Астана қалалық филиалы жетекшісінің орынбасары Айдархан Махамбет.

ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІПТІ ҮЛГІ ЕТТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Run for autism» іс-шарасы Астана қаласы әкімдігі, «Болашақ» корпоративтік қоры мен өзге серіктестердің қолдауымен ұйымдастырылды. Жүгірісті қолдауға Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, бокстан Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері Василий Левит, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен және т.б. 5 шақырымда арнайы қатысты. Сенат төрағасы ерекше қажеттілігі бар адамдарды оңалту ісінде спорттың маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

– Мемлекет басшысы елімізде инклюзивті қоғам құруға қажетті жағдайды жасауға баса мән беріп жатқанын және осындай жарыс арқылы еліміздегі әр балаға ерекше қажеттілігіне қарамастан білім алып, дамуы үшін тең мүмкіндіктер беру жолында тағы бір маңызды қадам жасап отырмыз, – деді Мәулен Әшімбаев.

Кәсіби спортшылар, әуесқой желаяқтар, ерекше балалар және олардың ата-аналары таңертең елордалық Триатлон саябағына жиналды. Жарыс төрт қашықтық бойынша 1



км-ден 10 км-ге дейін өтті.

– Бүгін мен өзімді, өз күшімді сынап көргім келеді. Біз бәріміз қай жаста болсақ та, дұрыс әрі толық өмір сүруіміз үшін өз денсаулығымыздың қадірін біліп, өзімізге қарауымыз тиіс. Әртүрлі елдердің 70, 80, 90 жастағы қарттары жаттығулар жасап, оны ел-жұртпен бірге орындайды. Қазақ елінде де осындай жандар бар. Әрине,

мен аутизмі бар балаларға қолдау көрсеткім келеді, – деді 81 жастағы Амангелді Досжанов. «Run for autism» қайырымдылық жарысы қорытындыланған соң қатысушылардың барлығы «Таза Қазақстан» акциясына қолдау көрсетті. Олар спортшылар жүгіріп өткен жолдар мен айналыны қоқыстардан, қағаз бен басқа да пластик бұйымдардан тазартты.

– Ерекше баламның аты-жөні – Әмір Алпамыс, ол 5 шақырым, ал өзім 2,5 шақырым жүгіріп өттім. Бәрі ойдағыдай өтті. Іс-шарадан кейін экоакцияға қатыстық. Балаларымызбен бірге көрермендер мен спортшылардан қалған қағаздар мен басқа да қалдықтарды жинап, арнайы орынға апардық. Балалар бізге қуана-қуана көмектесті. Жалпы аутизм, басқа да менталдық бұзылыстары бар балалар ересектерге қолғабыс еткенді, көмек көрсеткенді жақсы көреді. Біз ерекше балалардың қоғамға пайдалы бола алатынын, олардың әрқашан көмек көрсетуге дайын екенін жиі айтып жүреміз. Бүгін міне жарыстан кейін бәрі жабылып, айналыны жинап жатыр. Көңіл-күйлері тамаша, – деді Әлия Абдибайтова. «Run for autism» жарысынан 13 млн теңгеге жуық қаражат жиналды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл қаржы балабақшаларда аутизм және басқа менталдық бұзылыстары бар балаларға арналған инклюзияны қолдау кабинеттерін ашуға бағытталады.



ЕЛОРДАЛЫҚ БАЙКЕРЛЕР ЭКОАКЦИЯНЫ ҚОЛДАДЫ

Астанада жылда осы уақытта мотомасым ашылуын ресми түрде өткізетін елордалық байкерлер биыл оны «Таза Қазақстан» экоакциясы аясында ұйымдастырды. Республикалық акцияға осылайша қолдау білдіруді жөн көрген олар мотосеру басталар алдында табиғат аясында сенбілікке шықты. Іс-шараның өтуіне қала әкімдігі, қалалық Ішкі саясат басқармасы, қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасы мен қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасы қолдау білдірді.

Райхан РАХМЕТОВА

Мәңгілік ел және Қабанбай батыр көшелерінің қиылысындағы №24 Gas energy жанар-жағар май бекеті жанынан бастау алған іс-шара Орталық парктегі «Сағат» ескерткіші жанында жалғасын тапты. Үш бөліктен тұрған акция бойынша оған қатысушылар алдымен Нұра өзені аумағындағы жерді қоқыстан тазартты. Одан әрі Қазақстанның және аталған акция аясындағы «Таза Қазақстан» туларын желбіретіп, өздерінің көліктеріне отырып, Тұран көшесін бойлай паркке дейін шерулетіп өтті, сөйтіп биылғы мотомасымды ашты.

– Біз қаламыздағы мотомасымды белсенді өкілдеріміз. Әдетте дәстүрлі түрде көктемде күн жылығанда «екі аяқты тұлпарымызды» шығарып, мотомасымның ашылуын өткіземіз. Осы арқылы салауатты өмір салғын, көлік жүргізу мәдениетін қалыптастыруды насихаттап, жастарды спортты серік



етуге шақырамыз. Ал биылғы ерекшелік – «Таза Қазақстан» акциясынан тыс қалмай, Мемлекет басшысының бастамасына қолдау білдіруді жөн көргеніміз. Қазіргі тұрған жер – жылда осы мотомасымды ашу үшін жиналатын тұрақты орнымыз. Жалпы қалада байкерлерге қолайлы, ешкімге кедергі келтірмейтін бірнеше нүкте бар. Ұсынымызды қала әкімдігі қолдады, міне

қазір елордалық байкерлер Нұра өзені маңындағы қоқыстан тазалап, оларды арнайы қаптарға салып жинады. Жалпы біз өзімізді үлкен бір мото әулетіміз деп санаймыз. Бір-бірімізді жақсы танымыз. Бүгін ашылуына тек елордалық қана емес өзге қалалардан да мотоцикл айдағанды жақсы көретіндер келіп, қатысуда, – дейді ұйымдастырушы, ROAD BROTHERS MCC KAZAKHSTAN

клубының президенті Серік Шаламбаев.

Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының бас маманы Ерлан Айдар елордадағы мотоклубтардың экологиялық акцияға осындай жолмен қолдау білдіргеніне алғысын білдірді.

– Жыл сайын өтетін мотомасымның ашылуы кезіндегі қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз етуге тиісті мекемелер жұмылдырылды. Мотосеру кезінде Орталық паркке дейін полиция патрулі еріп отырады. Басқа да тәртіп сақшылары, денсаулық сақтау мекемелері өкілдері іс-шараның дұрыс, тәртіппен өтуіне атсалысуда, – дейді ол.

Мотомасымның ашылуына арналған іс-шараның үшінші бөлігінде аталған паркте қала тұрғындарына, балаларға арналған көңілді анимациялық ойындар, байқаулар, музыкалық шоу ұйымдастырылып, байкерлер өнер көрсетті, белсенді қатысушыларға сыйлықтар ұсынылды.

– Жасым отызда, жеке кәсіпкермін. Байкерлікпен үш жылдан бері айналысамын. Мотомасымның ашылуы өте жоғары деңгейде өтуде. Әкімдіктің қолдауы сезіліп тұр. Екі аяқты көлігіммен басқа күндері де шаруаларымды бітіруге шығамын, себебі өте ыңғайлы, – дейді елордалық байкер Серік Байгониев.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында Астана қаласындағы №91 мектеп-гимназияда «Экоәлем» атты отбасылық экостарт ұйымдастырылды.

«ЭКОӘЛЕМ» – ОТБАСЫЛЫҚ ІС-ШАРА

Экологиялық іс-шараға 250-ден астам оқушы, ата-аналар және мұғалімдер қатысты. Іс-шараға арнайы шақырылған спорт және еңбек ардагері, марафоншы Ербол Қожахметов және эколог Диана Мырзағалиева спорт пен экология, қоршаған ортаның тазалығы туралы баяндады.

Алдымен сергіту сәті болып, қатысушылардың барлығы бірге жаттығу жасады. Одан кейін спорт түрлері бойынша жарысқа түсіп, экологиялық викторина сұрақтарына жауап берді.

«Көңілді старт» экологиялық эстафетасында балалар мен ата-аналар жылдамдығы мен тапқырлығын сынады. Сонымен қатар экология

тақырыбында сурет салды, ересектермен бірлесіп отырып, қалдықтардан түрлі бұйымдар жасады.

Жарысқа қатысушылардың өнерін «Аналар мектебі», «Әкелер кеңесі», Қамқоршылық кеңесінің төрайымы мен мүшелері бағалады.

– Бұл іс-шараның мақсаты оқушыларды, ата-аналар мен ұстаздар қауымын әлемнің, айналымыздың әдемілігіне ғана емес, таза болуына да үлес қосуға шақыру. Бәріміздің ортақ викторина сұрақтарына жауап берді. Бәріміздің ортақ викторина сұрақтарына жауап берді.

«Көңілді старт» экологиялық эстафетасында балалар мен ата-аналар жылдамдығы мен тапқырлығын сынады. Сонымен қатар экология



БАС ЖҮЛДЕНІ ИЕЛЕНДІ

Астана қаласы әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының «Munaga» жоба командасы республикалық экология идеялары мен жобалары фестивалінен бас жүлде иеленіп, ақшалай грант ұтып алды.

2024 жылдың 11 мамырында ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясының қолдауымен «Tuaqtu jol» республикалық экология идеялары мен жобалары фестивалі өтті. Іс-шара су ресурстарының проблемалары туралы ақпаратты кеңінен арттыру, суды тұтынудың маңызына назар аудару, сонымен қатар жастарды экология мәдениетіне тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды.

Жалпы «Tuaqtu jol» – өскелең ұрпақтың бойына мәдени-адамгершілік және экология құндылықтарын сіңіре отырып, туған жерін қастерлеуге, дұрыс көзқарасын қалыптастыруға бағытталған бастама.

Республикалық экология идеялары мен жобалары фестивалі 16-35 жас аралығындағы жастардың Қазақстандағы

экология мәселелерінің маңызы туралы білімдерін арттыруға бағытталған.

300-ден астам өтінімнің арасынан 10 команда таңдап алынып, сыртқы сарапшылармен онлайн-тренингтен өтті. 10 үздіктің қатарында Астана қаласы әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының «Munaga» жоба командасы болды. Команда мүшелері: Әлішер Әкімжанов, Мадияр Әкімжанов, Аружан Каукен, Адия Қызылбаева, Малика Закирова.

Фестивальдің қазылар алқасы экология жобаларын жүзеге асыруды жалғастыру үшін қаржылай қолдау көрсетті. Бас жүлде иегері ретінде лайық деп танылған әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының «Munaga» жоба командасы 6 миллион теңге көлемінде грант ұтып алды.



№60 (4648) 21/05/2024 Сейсенбі

– Өзіңіз кезінде құрған студенттер құрылыс отрядтарының республикалық штабы тәжірибесі қазіргідей су тасқыны мәселесі өткір тұрған кезеңде керек бола ма?

– Меніңше, қазіргі таңда өңірлерге кез келген көмек керек. Себебі су тасқынынан кейін нағыз маңызды жұмыстар басталады, яғни қираған, бүлінген тұрғын үйлерді қайта тұрғызып, өмірді жаңадан бастау керек болады. Оның үстіне мұндайда эпидемия басталып кету қаупі бар, сондықтан халық арасында тасқын су салдары үлкен қатер тудыруы мүмкін екенін айтып, түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл ретте бейтгер мен мал көметін жерлерді де ұмытпау керек. Көшеде тұрған су тұндырғыштар, әжетханаларды су шайып кетті, тасқын бітіп, су жерге сіңген кезде, сол сумен біраз жерге тараған зиянды заттар ауру тудырады, соның алдын алуға тиіспіз. Астанаға келсек, елордалық ең егде жастағылардың өзі Есіл өзенінің қашан соңғы рет бұлай қатты тасығанын есіне түсіре алмайды. Мұнда тасқынға қарсы үлкен ауқымды жұмыстар жүргізілді.

– Елорда мәслихатының депутаты және кәсіподақ қозғалысының төрағасы ретінде қандай маңызды мәселелерді шешуіңізге тура келеді?

– Кәсіподақ федерациясы – елдегі ірі қоғамдық ұйым, 2022 жылы тәуелсіз кәсіподақтар мемлекеттен бөлініп, өзінің Декларациясы жарияланғанына 30 жыл толды. Содан бері қоғамдық-саяси салада да жұмыстар жүргізіп келеміз. Бірінші кезекте елдегі жалдамалы жұмысшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғаймыз. Қазіргі таңда Қазақстан бойынша кәсіподақтар атынан ұсынылған 272 депутат бар. Барлық облыс орталықтарында «Еңбек» депутаттық топтары құрылып, олар әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеуге басымдық береді, яғни ұжымдардағы кикілжіндер мен әлеуметтік пакеттер алу ісіне дейінгі мәселелерді қарайды, әсіресе, қауіпті жағдайда, зиянды жұмыс орындарында немесе бюджеттік секторда істейтін жұмысшыларды назарға алады.

Жергілікті өкілдіктің органдар деңгейінде шешілуі тиіс мәселелердің бірі – бюджеттік мекемелер қызметкерлері жалақысының төмендігі. Мәселен, қазіргі таңда елде ең төменгі жалақы мөлшері – 85 мың теңге. Мектептегі еден жуушының болмаса, медициналық мекемедегі санитарканың жалақысы сондай. Осы ретте



«АДАМ БОП ҚАЛУ – ПАРЫЗЫМЫЗ»

Астана қалалық мәслихатының VIII шақырылымының депутаты, Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Нұрлан Өтешев елордаға 2003 жылдың басында келген. Ол уақыт Астанада құрылыс қарқынды жүргізіліп, сол жағалау енді салына бастаған кез. Әкесі құрылысшы, өзі жастар конгресіне қызметке кіріп, елордадағы алғашқы жұмысын бастаған. Екі жыл ішінде олар бірқатар ірі маңызды жобаларды жүзеге асыруға атсалысып, жастар шығармашылығы одағына құрылтайшы болды, студенттер құрылыс отрядтарының республикалық штабын құрды. Бас қаладағы басқа да қызметтері, әсіресе мәслихат депутаты ретінде елорда өміріндегі маңызды жұмыстар туралы Нұрлан Өтешев сұхбат барысында баяндады.

ауылдағы адамның қосымша бау-бақшасынан түсетін азғантай табысы болады, ал қалалықтарда ондай мүмкіндік жоқ, қиын жағдайдан шығу үшін олар қызмет уақытынан тыс та жұмыс істеуге мәжбүр болады.

Быттырдан бері Астана қаласының Білім басқармасының алдына қосалқы техникалық персоналдың жалақысын көтеру мәселесін қойып келемін, әрі бұл қызметкерлер – кез келген ұжымда ең қорғалмаған мамандар. Сауықтыру бойынша қосымша айлықты мұғалімдер

екі рет алса, бұл қызметкерлер мүлдем алмайды.

Одан әрі, құрылыс компаниялары өз кәсіпорындарында кәсіподақтар құруға қарсылық білдірумен келеді, сол себепті кәсіподақ олардың еңбек қорғау және қауіпсіздік мәселелеріне араласа алмайды. Бұл мәселе қазір күн тәртібінде тұр. Өйткені Қазақстанда жыл сайын тек осы қауіпсіздік техникасы және еңбек қорғау талаптарының бұзылуымен байланысты 200-ге жуық адам көз жұмады.

– Сіз құқықтық тәртіп, заңдылық және қоғаммен

байланыс бойынша комиссия мүшесісіз. Осы бағытта қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Ішкі саясат бойынша жұмыс істейтін құқық қорғау органдарының жұмысы, яғни жастар, ішкі саясат, дін істері мәселелері, азаматтық қорғаныс жайы – біздің назарда. Бұл ретте мәслихат жұмысы жүйелі түрде құрылған. Қандай да бір мәселені мәслихатта қарау үшін алдымен оны тұрақты комиссия көруі керек. Оған дейін біз барлық мән-жайын осы мәселе бойынша адамдардың ортасына

өзіміз барып анықтаймыз. Сол жерде сұрастырып, бәрін білеміз. Депутаттардың әрбір сауал, мәселе бойынша хабары болады. Әрбір депутатқа бекітіліп берілген округтер, тұрғын алаптар бар.

– Қалада ең көп мәселелер қай салада?

– Бірінші кезекте, инфрақұрылым мәселесі ең өзекті. Бытыр әкімдіктің арқасында 3-сорғы-сүргі стансасын дер кезінде іске қосып, халық содан сусыз қалмады. Жазғы маусымда оның деңгейін азайтты да, жаздың ортасына таман бұл мәселе шешімін тапты. Келесі кезекте дейін су мәселесінде қиындық жоқ. Дегенмен суды бөлуге байланысты мәселелер туындады, нысандардың бәрі бірдей бұл мәселені толық шешпеді.

Одан соң әлеуметтік және мәдени нысандар мәселесі де өткір тұр. Балалар саны артып, мектептер жетпеуде. Медициналық мекемелерде кадрлар жетіспейді, әсіресе орта персонал – медбикелер тапшы, олардың көбі жеке-меншік ұйымдарға кетуде. Мемлекет оларды қызметке тартып, тұрақты ұстап қалу үшін не істей алады? Оның бір шешімі – жатақханалар салу.

Өртке қарсы қызмет туралы айтар болсам, 2023 жылы өрт бригадалары мен өртке қарсы қауіпсіздік инспекторлары үшін техника сатып алынды. Дегенмен алдымен халықты өрт қауіпсіздігі жағдайына дұрыс мән бере қарап, балаларына қарапайым ережелерді түсіндіруі керек.

– Астаналықтарға айтар қандай ұсыныс, тілегіңіз бар?

– Біздің қаламыз қазіргі таңда жеке көліктен бас тарту деген түсінікті әр тұрғын өзі ұғынуы керек кезеңде тұр. Қазір бөлкім қатты байқалмайтын да шығар, алайда 2-3 жылдан кейін қоғамдық көлікте жүргеннен гөрі жеке көлікпен ұзақ жүретінімізді және оның қымбатқа түсетінін түсіне бастаймыз. Бұл жерде бізге климаттық жағдайды есепке ала отырып қайта бағалау қажет болады. Тағы бір айтарым – су мен электр жарығын үнемдеу жайы, бұлардың бәрі өткір мәселелер.

Елордамыз әдемі, таза, ұқыпты көрінгенін қаласақ, астаналықтар да соған өз үлесін қосуы керек. «Таза Қазақстан» сияқты экоакциялар бізді уақытша болса да айналамызға қоқыс тастамауға шақырады, сол біздің әдемімізге айналып, күнделікті дағды болып, мәдениеттілігіміздің деңгейін көрсетуі қажет. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, қала тұрғындарына, жұмыс берушілерге айтарым – кәсіподақ ешкімге артық етпейді. Балкім онымен жұмыс істеу қиындау шығар, бірақ соның қызметімен соңында бәрі де ұтады.

– Осыныша жұмыстың арасынан жеке өмірге уақыт табасыз ба?

– Бос уақытым көп те емес, егер болып жатса бар уақытымды отбасыма арнаймын. Кіші ұлым бірінші сыныпқа барғалы жатыр, күнде кешке сол баламмен бірге уақыт өткіземін. Сондай сәттерде бастауыш сынып мұғалімдерінің қажырлы еңбегінің қаншалықты зор екенін, жалақылары соған сай ма екен деп ойлаймын. Одан бөлек достарыммен кездесемін. Мен жас кезімнен көңілді және тапқырлар клубының ойыншысы болғанмын. Қазір осы бағытта қандай шығармашылық жобалар іске қосуға болатынын ойластырып жүрміз. Себебі қала тұрғындары бос уақытын руханы жағынан да байыты отырып өткізуі керек. Сатира арқылы жастарды да тәрбиелеуге болады. Ең бастысы әрбіріміздің басты парызымыз – бұл өмірде адам боп қалу.

Бақтыгүл БУРБАЕВА
Райхан РАХМЕТОВА

ЕҢБЕК АДАМЫ

ТУРИСТІК АВТОБУС ЖҮРГІЗУШІСІ

Елорда көшелерімен келе жатқанда екі қабатты, қызыл түсті, туристік автобусты көзіміз шалып қалды. Астанада 2016 жылдан бері туристерге қаланы аралатып, ақылы қызмет көрсететін бұл автобус биыл да көктемгі жұмыс маусымын бастады. «Astana Red Bus Tour» автобусының жалғыз көлік жүргізушісі Ерлан Есемсейітовті туристік бағдар бойынша бірінші аялдама, «Бәйтерек» монументі жанында тұрғанда кездестірдік. Оның айтуынша, биыл автобустың туристерді тасу қызметі сәуір айында басталды, енді жұмысы қалың қар түскенге дейін, яғни қарашаға дейін жалғасады.

Райхан
РАХМЕТОВА

Таңертең 10.00-ден кешкі 20.00-ге дейін туристер таситын Ерлан Есемсейітов әр бағдары 2 сағаттық бір туристік сапар барысында елордадағы 4 көрнекті нысанның қасына 15 минуттай аялдай отырып, күн сайын көлік айдайды. Барлығы күніне осындай 4 маршрут жасайды.

– Маршрут осы «Бәйтеректен» басталады, бірінші аялдама «Океариум», екіншісі – «Хан Шатыр», үшіншісі – Ұлттық музей, төртіншісі

– Қазақ елі алаңы, сосын осы жерге қайтып келеміз. Алдағы уақытта «ЭКСПО» көрмесін, Орталық мешітті және Салтанат қақпасын, сонымен қатар «Есіл» кеме саяхаты стансасын қосқалы жатыр. Сонда 8 аялдама болады. Билет бағасы – адам басына 6000 теңге, 3 жасқа дейінгі балаларға тегін, 3-14 жас аралығындағы балаларға, көпбалалы аналарға, зейнеткерлерге 50 пайыз жеңілдік және көпбалалы ананың тек бір баласына ақысыз қызмет көрсетіледі. Билеттер осы бірінші аялдамадағы арнайы дүңгіршекте сатылады. Туристік сапар құны биыл

қымбаттады. Сондықтан болар көбіне бұл автобуспен шетелдік туристер саяхаттайды. Әрі олардың бізді таңдаудағы басты себебі, автобуста қала көшелерімен келе жатқанда барлық ғимараттарды 8 тілде таныстыратын аудиогид бар, – дейді автобус жүргізушісі.

62 орындық автобус іші әзірге толық тола қоймайды. Жазға таман адам қарасы көбейе түседі. Қазір ең көп дегенде 40-45 адамдай мінеді.

– Қазіргі таңда ресейлік туристер өте көп. Көрші елдегі жағдайға байланысты виза жасата алмаған соң, Қазақстанға келіп жасатуда.



Олардан бөлек Италия, Малайзия, Үндістан елдерінің азаматтары да келеді. Маусымнан бастап екінші әріптесім жұмысқа шығады, сол кезде түнгі 23.00-ге дейін қатынайтын боламыз. Көлікте тоңазытқыш бар, күн ысығанда суды өзіміз беретін боламыз, су билет құнына кіреді,

алайда желдеткіш жоқ, жазда әсіресе, екінші қабаты ысып кетеді, – дейді ол.

Елордаға Ақмола Астанаға ауысқан жылы келген көлік жүргізушісі қазіргі жұмысы жанына жайлы, тыныш екенін айтады. Жалақысы да салыстырмалы түрде біршама жоғары.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

АУАНЫ НЕ ЛАСТАЙДЫ?

Астана әлемдегі ауасы лас-танған қалалардың рейтингінде 58-орында тұр. Мұндай мәліметті дүние жүзіндегі ауасы лас қалалардың рейтингін жасаған World Air Quality мамандары жария етті. Жаһандық рейтингте ауа тазалығы сапасының индексі (AQI) 6 санатқа бөлінген. Олар түсі бойынша қалалардағы ауаның ластануын және оның адам ағзасына әсерін көрсетеді. Бұл рейтингте ауасы өте лас Бішкек 4-орында орналасқан. Ташкенттің де көрсеткіші мәз емес, 7-орында тұр. Мәскеуге 18-орын бұйырыпты. Астанада ауадағы РМ-2,5 ұсақ бөлшектерінің концентрациясы бір текше метрге 124 микрограмды құрайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының нормалары бойынша бұл көрсеткіш 25 микрограмм деңгейінен аспауы керек.

Өткен жылы Экология және табиғи ресурстар министрлігі 2019-2023 жылдарда ауасы ең көп ластанған еліміздегі қалалардың тізімін жариялағаны мәлім. Эколог-мамандар соңғы 5 жылдың ішінде (2019-2023 жж.) атмосфералық ауаның ластануының тұрақты жоғары деңгейі Қарағанды, Алматы, Астана, Өскемен, Теміртау, Жезқазған қалаларында байқалғанын ашық айтты. «Қазгидрометтің» мамандары жоғарыда аталған қалалардың ауасы қандай улы заттармен жиі ластанатынын атап көрсетті. Мәселен, Астанада ауаны, негізінен, ластайтын заттарға қалқыма бөлшектер (шан), РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі тотығы, азот диоксиді, азот тотығы жатады екен.

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметі бойынша жыл сайын Астанада 132,4 мың тонна зиянды заттар ауаға таралады. Соның ішінде 51 мың тоннасы (38,5 пайызы) – жылу электр орталықтарынан ауаға таралатын зиянды заттар; 47 мың тоннасы (35,5 пайызы) – көліктерден бөлінетін зиянды заттар; 20 мың тоннасы (15,1 пайызы) – жекеменшік сектордан бөлінетін заттар; 14,4 мың тоннасы (10,8 пайызы) – автономдық қазандықтар мен кәсіпорындардан шығатын заттар.

Сала мамандары Астана мен Алматыда автокөліктен шығатын шығарындылардың көптігінен ауаның ластанатынын жиі-жиі айтып жүр. Экология және табиғи ресурстар министрлігі Мемлекеттік экологиялық бақылау басқармасының бас сарапшысы Алмас Ысқақов елордадағы ресми тіркелген автокөліктердің 50 пайызы пайдаланғанына 10 жылдан асқанын, бұл жағдай да ауаның ластануына әкеліп отырғанын айтады.

«Астана қаласы әкімдігінен алынған ақпаратқа сәйкес, елордада 320 мың автокөлік (287,5 мың жеңіл автокөлік, 23,5 мың жүк көлігі, 6,8 мың автобус) тіркелген. Соның 50 пайызы – пайдаланғанына 10 жылдан асқан көліктер. Жалпы қала бойынша Еуро-4 және Еуро-5 стандартына сәйкес келетін автокөліктердің саны 90 мыңнан аспайды (бұл – тіркелген автокөлік құралдары жалпы санының 28 пайызы)» дейді ол.

Бүгінге дейін қалалық әкімдік коммуналдық кәсіпорындардың 854 автокөлік құралын газға көшірді. Сондай-ақ ресми такси қызметінің 250 автокөлігі баламалы жанармай түріне ауысты. Қаладағы автобус бағдарларында 661 автобус жолаушыларға қызмет етеді, соның ішінде 100 электробус бар. Ал қалған 561 көлік Еуро-5 экологиялық

АСТАНАНЫҢ
АУАСЫ ҚАЛАЙ
ТАЗАРАДЫ?

the-village-kz

Астана қаласында экологияны, қоршаған ортаны қорғау мәселесі өте өзекті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселені үнемі назарда ұстайды. Биыл көктемде күллі ел аумағында өтіп жатқан «Таза Қазақстан» экология акциясына қатысып, елордадағы «Ұлытау» аллеясында жастармен бірлесіп тал екен Президент: «Қазақстанымыз таза болуы қажет. Лас елге қонақ ретінде, инвестор ретінде ешкім келмейді. Бірақ ең алдымен Қазақстанның таза, көрікті болғаны біз үшін, яғни халық үшін керек» деп қадап айтты.

қауіпсіздік стандартына сәйкес келеді. Осылайша, Астана қаласының әкімдігі көліктердің ауаға зиянды заттар тарату жағдайын төмендетуге бағытталған іс-шараларды жүйелі түрде жүзеге асыруда. Алайда ауаның сапасын жақсартуға бұл аздық етіп отыр.

ТАЗАРТУ ЖОЛЫ
ҚАНДАЙ?

Жергілікті құзырлы органдар 2020-2026 жылдарға арналған Астана қаласындағы экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі Жол картасын жасап, іске асыруда. Сол құжатта ең алдымен қалада көмір жағатын жылу-электр орталықтарының ауаға шығарындылары көлемін азайтуға әсер ететін іс-шаралар анық жазылған.

Жоғарыда біз ауаға шығарылатын зиянды заттардың 51 мың тоннасы (38,5 пайызы) жылу-электр орталықтарынан ауаға таралатынын айттық. Енді осыған келейік. Қатты отын, соның ішінде көмір жағу – ауаны ластайтын фактордың бірі. Бұл мәселені шешудің бір ғана жолы бар, ол – көмір жағудан бас тартып, қаладағы барлық жылу-электр орталықтарын газға көшіру. Биыл 27 ақпанда Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында Астана әкімі Жеңіс Қасымбек журналистердің осы мәселеге қатысты сұрағына жауап берді.

«Астанада газға көшіру үдерісі толық күшімен жүргізіліп жатыр. Атмосфераны ластайтын негізгі екі фактор – автокөліктерден бөлінетін зиянды заттар мен көмір жағу. Екі мәселе бойынша біз жүйелі жұмыс жүргізіп отырмыз. Әсіресе жекеменшік

секторды газға көшіруге күш салып, ауаны ластау деңгейін төмендеткіміз келеді. Мысалы, 2023 жылы «Үркер», «Шұбар» және «Пригородный» тұрғын үй алаптарына газ құбырлары тартылды» деп түсіндірді мәселенің мәнісін әкім.

Оның айтуынша, мұндай нақты іс-шаралар «Көктал» және «Лесозавод» аудандарында да қолға алынған.

«Біз бұл бағытта бір орында тұрмаймыз, қаланың аудандарын

газға көшіруді жалғастырамыз. Қазірге дейін көмір жағып, үйін жылытып отырған тұрғын үй аймақтарына газ құбыры желісін тартуды жоспарлап қойдық. Өткен жылы қаланы жылумен қамтамасыз ететін үш жаңа нысанның құрылысын аяқтадық. Жылу беретін бұл жүйелер тек қана газбен жұмыс істейді, яғни бір жағынан бұл қауіпсіз, екінші жағынан экологиялық таза. Бұл бағыттағы жұмыстарға №3 жылу-электр орталығы,

2 газ жылу станциялары, №1 жылу-электр орталығын табиғи газға көшіру жатады» деді Жеңіс Қасымбек.

Ресми мәліметке сүйенсек, бүгінге дейін қаладағы жылу-электр орталықтарын газға көшіруге қатысты мынадай жұмыс атқарылған: біріншіден, №1, 2 жылу-электр орталықтарында газ құбырын салу жұмысы аяқталған, соның ішінде осы екі нысандағы 16 су жылытатын қазандықтар газға көшірілген; екіншіден, №2 жылу-электр орталығындағы энергоқазандықтарға тиімділігі өте жоғары электрсузгіштер орнатылған. Міне, жоғарыда айтылған жұмыстардың нәтижесінде №1 жылу-электр орталығынан ауаға таралатын шығарындылар көлемі 5,3 мың тоннадан 3,3 мың тоннаға дейін азайды. Ал №2 жылу-электр орталығынан ауаға таралатын шығарындылар көлемі 50,1 мың тоннадан 45,03 мың тоннаға дейін кеміген.

Жекеменшік секторды газға көшіру жоспары бойынша жұмыс 3 кезеңге бөлінген. 2022 жылы елорданы газдандырудың 1-кезеңі мен 2-кезеңі аяқталды. Соның нәтижесінде 200 мыңға жуық адам, атап айтқанда, 14 мыңнан 29763 жер үй табиғи газға қол жеткізді. Сондай-ақ 13 автономдық қазандық газға қосылды. Ал газдандырудың 2-кезеңі мен 3-кезеңін 2025 жылға дейін бітіру жоспарланған. Қазіргі кезде «Көктал-1», «Көктал-2», «Агроқалашық», «Теміржолшылар», «Пригородный», «Оңтүстік-шығыс», «Күйгенжар», «Мичурин», «Интернациональный» тұрғын алаптарының, сондай-ақ Потанин-Мәскеу, Нұрбесік, Ақбидай, Қазақ ауылы көшелері тұрғындарының газ құбырына қосылуға мүмкіндігі бар. Алайда кейбір тұрғындар көгілдір отынды тұтынуға құлықты емес. Өйткені газ құбырына жалғануға 700-900 мың теңге төлей алмайтындар да бар.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРДЫ,
ӘКІМ ОРЫНДАДЫ

Елорданың ауасын тазартудың тағы бір жолы бар, ол – жасыл желекті көбейту. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте қаланы көгалдандыруға қатысты бірқатар сын-ескерту айтқан еді. «Астана да жасыл қалаға айналуы керек. Бейбітшілік және келісім сарайынан және вокзалға дейін созылып жатқан елорданың стратегиялық осі үлкен әрі жайлы, жасыл желекті саябаққа айналуға тиіс. Оның маңайындағы көшелер мен аулалардың бәрін тиісті деңгейде абаттандыру керек» деді Президент. Елорданы жаппай көгалдандыру зор маңызға ие екенін айтқан Мемлекет басшысы: «Қаланы көгалдандыру үлкен маңызға ие, Астанада бұл салада проблемалар бар. Тіпті Мәңгілік ел даңғылында жасыл желек жетіспейтіндіктен, басқа көшелер туралы не айтуға болады?! Маусымдық өсімдіктерді отырғызу тәжірибесінен алшақтап, көпжылдық өсімдіктерді белсенді отырғызу керек. Бұл ретте елорданың қатал климатын ескеру, ғылыми қоғамдастықтың әлеуетін және үздік әлемдік тәжірибені жұмылдыру маңызды» деді нақты мысал келтіріп.

Президенттің тапсырмасына сәйкес, қазір елордада көгалдандыру мен абаттандыру жұмысы қарқынды жүргізілуде. Қалалық әкімдік биыл 1,1 млн жасыл желек отырғызуды, 170 аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандыруды жоспарға енгізген. «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты ауқымды экология акциясынан кейін қала әкімі Жеңіс Қасымбек Президент тапсырмасына қатысты мынадай ақпаратты жария етті: «Өткен

жылы елорданы көгалдандыру жарғысы қабылданды, онда 3 жыл ішінде отырғызылған көшеттерге кепілдік міндеттемелері, сондай-ақ ірі ағаштар мен көпжылдық өсімдіктер отырғызуға басымдық беру мәселесі көзделген. Қаланың барлық ауданында абаттандыру және көгалдандыру жұмысы жүргізіледі».

Қаланы көгалдандыруға қатысты 22 сәуірдегі әлеуметтік желідегі жариялаған жазбасында әкім Ұлытау аллеясы, Мәңгілік ел, Тәуелсіздік даңғылдарында ауқымды деңгейде абаттандыру мен көгалдандыру жұмысы жүргізілетінін айтты. Сондай-ақ Қазақ елі алаңы, Мыңжылдық аллеясы, Т.Жүргенов аллеясындағы гүлзар, «Керуен» сауда-саттық және ойын-сауық орталығы жанындағы гүлзар да абаттандырылатыны мәлім болды.

«Т.Жүргенов көшесінде (Алматы ауданы) жасыл желекжол ашамыз. Бұл көше – шағын ауданның басты көшелерінің бірі. Көше ашылған сәттен бастап 9 жыл ішінде жаяу жүргіншілер тротуарларының төсемдеріне жөндеу жүргізілмеген. Осыған байланысты учаскелердің көпшілігі ескіріп қалған. Сондай-ақ көгалдандыру жүргізілмеген әрі көше жарығы орнатылмаған. Осыған байланысты Т.Жүргенов көшесіндегі жаяу жүргіншілер кеңістігін ауқымды абаттандыруға кірістік. Оның барысында кедергісіз орта құрылып, бос уақытты тиімді өткізуге арналған орындар ашылады, сол сияқты көгалдандыру, жарықтандыру және т. б. жүргізіледі. Т.Жүргенов көшесін (Айнакөл көшесінен Ж.Нәжімеденов көшесіне дейін) абаттандыру жұмысы қазірдің өзінде басталып кетті. Мұнда 6 мыңнан астам ағаш пен 44 мың бұта отырғызу жоспарланып отыр» деді Ж.Қасымбек.

Қала басшысы Мыңжылдық аллеясында 70 мың шаршы метр аумақты абаттандыру жұмысы жүріп жатқанын мәлім етті. «Жағалау» тұрғын үй кешенін абаттандыру аясында 18 гектар аумақты абаттандыру жоспарланған.

«Ескі вокзал мен оған іргелес Гете және Біржан сал көшелерінің аумағын; Ақбұлақ жағалауы, Президенттік саябақ, «Бейбітшілік пен келісім» саябағы және т. б. кіретін Есіл өзенінің бойындағы саябақ кластерін абаттандырамыз» деді қала әкімі.

ҚҰРЫЛЫС САЛУШЫЛАРҒА
ҚОСЫМША МІНДЕТ

Елорданы дамыту жөніндегі кеңесте Қасым-Жомарт Тоқаев көгалдандыру құрылыс қарқынына сәйкес жүргізілуі керекін қадап айтты.

«Негізінде, Торонтода, Оттавада климаттық аймақ Астанамен сәйкес келеді. Олар – жарасымды көрінетін жасыл қалалар. Канада тәжірибесін пайдалану керек. Бұған құрылысшылардың өзін белсенді түрде тарту керек. Мысалы, Хельсинкиде құрылысшыларды іргелес аумақтарды көгалдандыруға міндеттейді. Дәл осы тәжірибені біз де қолдануымыз керек. Яғни құрылысшы құрылыс алаңына тең жер учаскесін көгалдандыруға міндетті. Мұндай тәсіл жақсы жұмыс істейді» деді Мемлекет басшысы.

Осыған орай, Астана әкімдігі де құрылыс компанияларына салынған тұрғын үйлердің ауласын абаттандыру мен көгалдандыруды міндеттейтін талаптар енгізді. Бұл туралы негізгі құрылыс компанияларының өкілдерімен өткен кездесуде Жеңіс Қасымбек: «Құрылыс компаниялары тек өз пайдасын ғана емес, сатып алушыларының да ыңғайлылығын ойлауы керек. Сондай-ақ өздері салған тұрғын үй кешенінің аумағын абаттандырып, көгалдандыруы қажет» деп түсіндірді.

132 400

ТОННА ЗИЯНДЫ ЗАТТАР
ЖЫЛ САЙЫН АСТАНАДА
АУАҒА ТАРАЛАДЫ

СОНҮҢ ІШІНДЕ:

51 000 тоннасы (38,5 %) – жылу-электр орталықтарынан;

47 000 тоннасы (35,5 %) – көліктерден;

20 000 тоннасы (15,1 %) – жекеменшік сектордан;

14 400 тоннасы (10,8 %) – автономдық қазандықтар мен кәсіпорындардан шығатын заттар



2022 жылы елорданы газдандырудың 1-кезеңі мен 2-кезеңі аяқталды. Соның нәтижесінде 200 000-ға жуық адам, 14 мыңнан 29763 жер үй табиғи газға қол жеткізді. 13 автономдық қазандық газға қосылды. Биыл 1,1 млн жасыл желек отырғызу жоспарланған

«ОТАУ» СЕНІМДІ АҚТАЙ МА?

Астана қаласында 2020-2023 жылдар аралығында 2380 жас отбасы 3 жылдан 5 жылға дейін жалға берілетін пәтерге ие болып, үлкен қуанышқа бөленді. Бұл – шаңырақ көтерген жастар аяғынан тік тұрып кеткенше «7-20-25», «Отбасы банк», «Бәйтерек» мемлекеттік бағдарламалары арқылы беріліп отырған жеңілдіктер. Айына 12-15 мың теңге төлеп, осы жалдамалы пәтерде тұратындар болашақта өзіне баспана алу үшін қаражат жинауы қажет. Қазіргідей қымбатшылық қос бүйірден қысып тұрған заманда оған көпшілігінің шамасы жете ме?

Танатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

ҮНЕМДЕСЕҢ – ҮЙЛІ БОЛАСЫҢ

Үкімет биыл наурыз айынан бастап «Отбасы банк» арқылы қосымша «Оттау» атты жаңа тұрғын үй бағдарламасын іске қосты. Аталған бастама 35 жасқа дейінгі азаматтардың үйлі болуға деген үмітін нығайтып, оған 30 сәуірге дейін 20 мыңға тарта өтініш қабылданған. Осы орайда «Отбасы банк» басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимованың айтуынша, еліміздің тұрғын үй нарығындағы жағдай қазір әлдеқайда жақсара түскен көрінеді. Өткен жылы Қазақстанда 17,5 млн шаршы метр тұрғын үй салынып, 157 мың пәтер пайдалануға берілген.

Елордада құрылыс қарқынды жүруде. Тек 2024 жылдың қаңтарынан бері ғана 480 мың шаршы метр тұрғын үй ғимараты тұрғызылды. Мамандардың айтуынша, бұл 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3 пайызға көп көрінеді. Соған сәйкес сұраныс та артып отыр. 2023 жылы Қазақстанда сату-сатып алу бағытында шамамен 370 мың мәміле жасалса, айына 25-30 адам баспана алуға өтініш берген әрі олардың 85-90 пайызы баспанасын ипотека арқылы алыпты. Осыған орай, өткен жылы елімізде тек «Отбасы банктен» ғана 112 мың ипотека займы рәсімделген.

Кейінгі жылдары жас отбасыларды қолдау үшін ипотека қарызының пайызы 17-ден 9 пайызға төмендеді. Бастапқы жарна – 20 пайыз. Енді, міне, шаңырақ көтерген жастарды қосымша қолдау мақсатында «Оттау» тұрғын үй бағдарламасы іске қосылып отыр.

Астана қаласының тұрғыны Жандар Мұратұлы – осы бағдарлама арқылы үй алуға үміттінің бірі.

«Біз отбасымызбен бұл бастаманы көптен бері зерттеп келеміз. Алғашында оны ел арасында «9-20-25» деп атады. Қазір аздаған өзгеріс енгізіп, «Оттау» бағдарламасы деп халыққа қайтадан ұсынып отыр. Көбі оны баспаналы болудың ең тиімді жолы деп санайтын сияқты. Өйткені, әсіресе жастардың арасында, оған бүгінде сұраныс артып отырғаны анық байқалады. Көпшілікке белгілі, бұған дейін бізде «Шаңырақ», «Бақытты отбасы», тағы басқа жеңілдетілген ипотека бағдарламалары жұмыс істеп келді. Бірақ «Отбасы банк» АҚ арқылы

берілетін «Оттаудың» бастапқы жарнасы да, пайыз мөлшерлемесі де көңілге қонымды көрінді. «Тарта жесең тай қалар» деген ғой. Әрине, отбасы бюджетін үнемдей отырып, біз осы бағдарламаны қолдап, оған қатысу үшін өтініш бердік» деді ол.

ҚҰПТАРЛЫҚ, БІРАҚ...

«Оттау» тұрғын үй бағдарламасының басқа аймақтарға қарағанда Астана мен Алматы қаласы үшін бір артықшылығы сол, облыстардағы тілек білдіруші жастарға берілетін ақша көлемі 18 миллион болса, еліміздің 2 ірі мегаполисінің жастары үшін 30 миллион теңге беріледі. Осы негізде «Отбасы банк» жыл сайын 150 млрд теңге бөлетін көрінеді.

Бағдарламаға 30 сәуірге дейін Vaspara Market (otbasybank.kz) порталы арқылы 18-63 жас аралығындағы 20 мыңға тарта азамат өтініш берген. Ең басты шарт – үміткер аталған банктен жыл жарым уақыт бұрын жинақ шотын ашып, оған кем дегенде 1 миллион теңге ақша салуы қажет. Әрі өз атында жылжымалы мүлкі болмауы тиіс. Бұл жерде сәбиі бар жас отбасылардың басқаларға қарағанда балл жинауда мүмкіншілігі жоғары. Дегенмен әлеуметтік желіден осы

«Оттау» тұрғын үй бағдарламасына қатысты кейбір пікірлерді де оқып қалдық. Ол, негізінен, аймақтарда тұратын жастардың ұсынысы мен ой-тұжырымы.

– Бағдарлама 9 пайызбен 19 жылға беріледі. Оны құптарлық делік. Алайда «Отбасы банк» 18 млн теңгеге дейінгі соманы баспана сомасының 20 пайызын бастапқы жарна ретінде аударған кезде ғана береді. Қазір барлық жерде тұрғын үй құны өсіп кетті. 25-30 миллион теңгеден арзан екі бөлмелі пәтер табу қиын. Сондықтан қалған соманы әркім өз қалтасынан төлеуіне тура келеді. Бұл жаңа ғана сәбилі болып, өмірге енді ғана қадам басып жатқан көптеген жас отбасына қиындық келтірері сөзсіз, – дейді Павлодар қаласының тұрғыны Ерсейіт Әбілұлы.

Кентаулық Рысбек Сатыбалды өзіне осы бағдарламадағы «пәтерді тек пайдалануға берілген немесе тұрғын үй-коммуналдық компаниясының кепілдігімен салынып жатқан құрылыстан Vaspara Marke (otbasybank.kz) порталы арқылы сатып алуға болады» деген шарттың ұнамайтынын айтады. «Маған бөлінген ипотекаға үстіне қаржы қосып алатын болған соң кез келген қаладан өзім қалаған үйді

алатындай мүмкіндік туғызбай ма?» дейді ол.

ТҮЙТКІЛДІҢ ТҮЙІНІ ТАБЫЛСА...

Бас қалада кейінгі кезде жастарға түйткілді мәселе болып тұрған жайдың бірі – 2019 жылы «Астаналық» базарының жанынан арнайы салынып, жұмысшы жастарға жалға берілген пәтерлер болып тұр. 5 жылға дейін жеңілдікпен алған осы шағын бөлмелердегі жас отбасылар қазір өмірге алды 2-3, соңы 1 баладан әкеліп, орнығып қалды. О баста «баспана алуға қаржы жинау мақсатында» деп үлкен үмітпен алынғанмен, сол жастардың басым көпшілігі қазір жеткілікті қаржы жинай алмағанын айтып, Мәжіліс депутаттары мен Үкіметке базанысын жеткізе бастады. Осы жайдың көтерілгеніне 7-8 ай уақыт өтсе де, құзырлы органдар тарапынан ешқандай жауап болған жоқ. Тек жақында ғана «Отбасы банк» басшысы Ләззат Ибрагимова жеңілдетілген бағдарламамен жалдамалы пәтерде тұрып жатқан жастардың да «Оттау» тұрғын үй бағдарламасы арқылы баспаналы болуға толық мүмкіндігі бар екенін айтты.

– Банк мәліметі бойынша бізде қазір депозитке кем дегенде 1 миллион теңге жинау мерзімі 18 айдан асқан 310000-ға тарта салымшы бар. Солардың қатарына орташа бағадағы пәтер құнының 20 пайызын жинаған кез келген клиент үміткер бола алады, – деді ол.

Тағы бір айта кетерлігі, жаңа салынған үйлерде пәтерлер алғашқы әрленген күйінде тапсырылады. Сондықтан оның жөндеу жұмысына иесі 40 пайызға дейін тұғыншы кредитін алып жүрді. Бұл қосымша қиындық туғызатын. Болашақта мұндай қолайсыздық болдырмау үшін «Отбасы банк» үй алған өз клиенттеріне кредитінің 30 пайызын жөндеу жұмысына жұмсауға рұқсат беріп отыр. Ендігі жерде Vaspara Market арқылы «Отбасы банктен» алынған пәтерлер тұтынушыларға таза, толық жөндеген, дайын күйінде тапсырылады.

Астана қаласында да, еліміз бойынша да тұрғын үй құрылысы қазір қайтадан қарқын ала бастады. Тек елорданың өзінде 600 мыңға тарта жас отбасы үй кезегінде тұрса, «Отбасы банк» арқылы жеңілдетілген «Оттау», «Наурыз» тұрғын үй бағдарламалары олардың тезірек баспаналы болуына септігін тигізер деген сенім мол.

БАСПАНАҒА МҰҚТАЖ ЖАСТАР КӨП

Жастар – қоғамның қозғаушы күші, еліміздің ертеңі. Оларға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекет міндеттерінің басым бағытының бірі.



Елдегі оқиғалардың бел ортасында жастар жүр. Елімізде орын алған төтенше жағдайларда төбе көрсететін де жастар, қолдаушылар да жастар. Ал бізде Үкімет тарапынан оларға тиісті деңгейде көңіл бөлініп жатыр ма? Ең басты қажеттілік – баспана мәселесі шешімін таппай отыр.

Жыры басылмаған жастарға берілген жалдамалы пәтер жайында Роман Васильевичке Склярға депутаттық сауал жолдағанмын. «Жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі Үкіметтің бақылауында» деп қысқа қайырған. Жастардың талап-тілегін нақты шешім мен әрекет жасайды деген ниетпен мәселені қайта қозғап отырмын.

2019 жылдан бері Астана, Алматы, Шымкент қалаларында жалдамалы пәтерге орныққан жастардың саны 10000-ға жуықтады. 2019 жылы баспана алған жастардың баспананы босатуына аз уақыт қалды. Бүгінде мегаполистердегі жастардың далада қалу қаупі жоғары. Тағы бір қосарым, өткен жылы берілуі керек болған пәтерлер Алматы қаласының жастарына әлі берілмеді. Нақты тізім, нәтиже шықпады.

Жалдамалы пәтер алған жастардың қаржы жинап, өз баспанасын ала алмаудың өзіндік себебі бар. 2019 жылдан бері инфляция деңгейі шарықтап, үй бағасы жылдан-жылға өсті. Осыдан 5 жыл бұрын республика бойынша пәтердің орташа шаршы метрі 200 мың теңге болса, қазір 400 мың теңгеге жуықтады. Яғни 2 есе өсті. Шындыққа тура қарасақ, баспанаға қаржы жинаудан гөрі қымбатшылық қыспаққа алып, күнкөріс мәселесі алдыңғы орынға шықты. Бұл – бір. Екіншіден, елде жастарға арналған тиімді мемлекеттік бағдарлама жоқ. Елде тиімді бағдарламаның жоғынан жастар баспана алу үшін шетел асып жұмыс істеуге мәжбүр. Келмей, сол жақта қалғаны қаншама. Бұл елімізде дарынды, талантты жастардың азаюына алып келеді. Үшіншіден, жалдамалы пәтер алған жастар өзге мемлекеттік бағдарламалар мен үй кезегінде тұру мүмкіндігінен айырылған. Ақшасын жинап, түйіп отырған жастар басқа бағдарламаға қатыса алмаса қалай баспаналы болмақ?!

«Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек» деп Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқандай, еңбек адамының негізгі бастауы осы жұмысшы жастар емес пе?! Жұмысшы жастарға қолдау көрсетсек, осындай азаматтар ертең еліміздің дамуына зор үлес қосады.

Осы айтылған факторларды ескере отырып, жастардың тиімді баспана алуына жағдай жасау және кемі 10 пайыз бастапқы жарнамен өздері тұрып жатқан баспанасын сатып алуға мүмкіндік беру мәселесі шешімін тапса екен деймін. Пайыз мөлшерлемесі де 5 пайыздан аспауы тиіс немесе жалдамалы пәтерде тұру мерзімін ұзарту керек.

Дәулет МҰҚАЕВ,
Мәжіліс депутаты



Бүгін – Мәдениет және өнер қызметкерлері күні. Ел мәдениетінің ордасына айналған Астанада өнер ошақтарының ішінен театрдың орны ерек. Қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов айтқандай, «театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер». Бас қаладағы театрлардың ішінде тамыры тереңге жайылған, тәуелсіздіктің төл құрдасы Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының бәсі бәрінен биік. Айтулы күнге орай аталған театр актрисасы және Қазақстанның мәдениет қайраткері Бақыт ЖҰМАҒҰЛОВАМЕН сұхбаттасқан едік.



– Бақыт Ботпайқызы, сіздің сахнада жүргеніңізге 30 жылдан аса уақыт болған екен. Театр – көпті ойландыратын орын. Сан ғасыр өтсе де, өзектілігін жоғалтпай келе жатқан өнер түрі. Ал, сіз үшін театр несімен құнды?

– Бірінші кезекте, халқымыздың мәдени және рухани әлеуетін арттыруға сүбелі үлес қосып, саланың мерейін көтеріп жүрген барша өнер қызметкерлерін мерекемен құттықтаймын! Қандай да бір өнердің киесі бар. Театр – өз алдына киелі шаңырақ. Басқа өнер ошақтарына қарағанда адамдардың көптеп баратыны да – театр. Алдымен 33 жылдық тарихы бар киелі өнер сахнасына маңдай тері тамған, «өнерім менің – өмірім» деп, бар ғұмырын өнерге арнаған театр қайраткерлерін атап өткенді жөн санаймын. Әрине, осы салаға байланысты атаулы күндер, мейрам-мерекелерде есімі еленіп жатса да, осындай мүмкіндікті пайдаланып, тағы да айтуым «айтылу керек, айтыла да беру керек» деген ұғымнан туып отыр. Заман барысымен, уақыт ағысымен зымырап, орта буын үлкен буынға айналып, жас буын да ізімді басып келе жатқанда білмегендері біліп, білгендері тағы біліп жатса артық болмас деймін.

1991 жылы Целиноградта алғаш рет қазақ театрын ашып, қазақтың абыз актері Қалибек Қуанышбаев атамның атын берген, көрнекті режиссер, қоғам қайраткері Жақып Омаров ағамыз жайында қазақ театры тарихында жақсы жазылды. Сондағы «қайта құру» кезеңімен тұспа-тұс келген бұл жоспар Жақып ағадан бастап, театр негізін қалауға атсалысып келген актер, актрисаларға оңай

болмаса да, бар қажырлы еңбектерінің арқасында елде аты айшықты аталатын Қаллеки театрына айналды. Атап айтсақ, Шәміл Жүнісов, Сәкен Омаров, Болат Ыбыраев, Махфуза Ыбыраева, Түймехан Атымтаева, Қалыбек Жұмашов, Бақыт Исбаева, Гүлбаршын Қылышбай, Амантай Жұмашев, Айман Аймағанбет пен театр қызметкерлері Ләззат Жүнісова, Әлия Дәуітова, Гүлнәр Жұмабекова, Ләззат Қыстықбаева және т.б. Кейін театр өсіп өркендеуіне байланысты, Алматыдан Қазақстанға белгілі танылған сахна шеберлері, өнер академиясын бітірген жас түлектермен қоса жан-жақтан талантты актер, актрисалармен орта толып, бүгінгі күнге дейін қасиетті сахна өнеріне қызмет етіп келе жатқан жайымыз бар. Олар: Гүлжан Әспетова, Тілектес Мейрамов, Жұмағұл Мейрамова, Майра Омар, Асылболат Смағұлов, Ақыш Омар, Лейло Бекназар, Құлия Қожахметова, Жанат Чайкина, Кеңес Нұрланов, Зыбағұл Карина, режиссерлер Нұрлан Жұманиязов, Болат Ұзақов сынды сахна майталмандарымен толықты. Өнер мен үшін осындай тұлғаларымен құнды. «Жақсысын асырып, жаманын жасырып» демекші,

қызығы мен шыжығы мол, соқпақты да соқпақсыз өнер жолында жүрген өнегелі аға буын өкілдеріне құрметіміз еселене бермек.

– Сіз өнер жолына қалай келдіңіз?

– Театрдағы өнер жолымды қазіргі Бикен Римова атындағы Талдықорған қаласындағы драма театрынан бастадым. Онда жас түлек боп оқу бітірген мені сол кездегі театрдың көркемдік жетекшісі, режиссер Бәйтен Омаров алып келді. Мұндағы 9 жыл қызмет еткен уақытта Оразғали Әбділманов, Алмахан Кенжебекова, Әлихан Ыдырышева сияқты өнер саңлақтарымен бір сахнада жүріп тәжірибе жинап, рөл сомдаудың қыр-сырына қаныға бастадым. Режиссер Сәулебек Асылханов сахналаған «Ақын Сарасында» Сара мен режиссер Хүсейін Әмір-Темірдің «Еңлік-Кебек» қойылымындағы Еңлік рөлдері мен үшін үлкен де салмақты образдарға бастама болды. 1997 жылы театр режиссері Қадір Жетпісбаев ағамның шақыруымен Қаллеки театрына ауыстым. Ол кісі мені актриса ретінде өз сценарийі бойынша түсірген «Қаракерей Қабанбай» көркем фильміндегі Қабанбай батырдың қарындасы Гауһар рөлін сомдағаннан білетін. 2002 жылы Халық қаһарманы,

атақты театр және кино режиссері Әзірбайжан Мәмбетовтің «Театр және кино актері» шеберханасына түсіп, үлкен сахнаға шыңдаған өнері мектебінен өттім. Емтиханға дейінгі алғашқы дайындық кездерінде үнемі кабинетінде жиналатынбыз. Сонда бізге: «осы мамандықты не үшін таңдадыңдар деп сұрамай-ақ қойың, ал таңдадыңдар ма, ең алдымен мамандықтарыңа адал болыңдар. Қандай рөл сомдасаң да, мейлі ол жағымды кейіпкер бола ма, жағымсыз кейіпкер бола ма бәрібір, кейіпкеріңді жақсы көрмесең, оны қанша зерттесең де рөлдің толыққанды шығарамын деп ойлама» дегені менде жазылып қалыпты.

– Көрермен сізді ана келбетіндегі образдарыңызбен жақсы таниды. Оның ішінде моноспектальдердің орны айрықша. Осы тұрғыда театрда әйел бейнесі толық ашылды ма?

– Сахнадағы қандай да әйел адамның бейнесін сомдағанда, ананың не өнегелі бейнелері кез келген актрисаға күрделі де жауапкершілігі мол рөлдердің бірі болып келеді. Әрине пьесадағы барлық кейіпкер зерттеуді, ізденісті талап етеді, алайда аналар бейнесінің орны ерекше. Әсіресе тарихи тұлғаларды сомдап алып шығу өте қиын. Сол заманның тұрмысын, салт-дәстүрін, киім-киісін, жүріс-тұрысын, тіпті сөйлеу мәнерін де бойына қалыптастыруың керек. Ал енді қазіргі заман ана бейнесін сахналау, өзі сол уақытта өмір сүріп жатқандықтан актрисаларға оңайырақ көрінгенмен, онда да ол кейіпкер қандай жағдайда, қай жерде, қандай ортада жүріп-тұрғанына байланысты және сахнаға қандай көңіл-күйде шығатыны да актриса үшін үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өткен кезбен салыстырып қарасақ, оншақты жыл бұрын актерлер рөлдеріне ойнақылдықты қосатын. Ал қазірде мұндай емес. Табиғи түрде сөйлеу, қозғалу, шынайы болмыс – бүгінгі режиссерлердің іздейтіні сол. Көрермен театрдан шынайы энергетиканы алғысы келеді. Актер көрерменімен ғана жасайды, сондықтан мықты актер аудиторияға өзін сыйлата білуі керек деп санаймын. Мұндағы бір жайт, қай елдің, қай жердің драматургтерінің пьесаларын алсаң да, ондағы басты кейіпкерден бастап, қосалқы рөлдердің көбі ер адамдардыкі болып келеді. Ал әйелдер бейнесі бола қалған жағдайда, ол оның әйелі не қызы болады. Тек махаббат жайындағы пьеса болса, онда дені – жас қыздар, кейде бар болса, бір-екі рет жылт етіп көрініп қоятын аналар. Міне, осындайда орта жастан асқан актрисаларға рөл ойнап, сахнаға шығу мәселесі өзекті проблемаға айналып жатады.

Бәлкім әйел тұлғаларға арналған драматургтердің жазылған пьесалары бар болар, бола тұра біз одан хабарсыз болармыз, әйтпегенде бір режиссерге қозар да қоймай қолқа салар ма едік деп те ойлап қоямыз.

– Өсер өнерге өсірер сын керек. Қазір театр туралы сын қандай?

– Қазақстанда қателеспесем 67 театр бар, соның 54-і мемлекеттік болып саналады екен. Бұл театрлардың барлығы дерлік өркендеу кезеңін

де, құлдырау кезеңін де «басынан» өткергені ақиқат. Осы тұста шығармашылық жағдайын сүзгіден өткізіп жетістігі мен кемшілігін қатар саралап отырған Қазақстан Театр сыншылары бірлестігінің жұмысын ерекше атап өткен жөн. 2020 жылдың 13 ақпанында Қазақстан Театр сыншылар бірлестігі ресми түрде өз жұмысын бастады. Төрайымы – Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің өнертану доценті, сыншы, театр танушы Анар Еркебай. Бірлестікте осы уақыт аралығында театр өнері саласына қатысты бірнеше ірі жобалар қолға алынды. Соның бірі – Қазақстан театрларының жылдық қойылымдарына сараптама жасау мақсатында тағайындалған «Сыншылар жүлдесі». Онда ерен еңбектерімен көзге түскен театр актерлері, режиссерлері мен театр қызметкерлерін марапаттап, құрмет көрсетіп келе жатыр. Атап айтсам, осы жылдар ішінде Қаллеки театры 5 рет жүлдегерлер қатарына іліккен екен. «Сыншылар жүлдесімен» «Ләйлі-Мәжнүн» спектаклі мен театр «Ең үздік сайт» номинациясының иегері болды. «Дон Кихот» трагикомедиясы «Жыл спектаклі» номинациясын иемденді. Ал былтыр ұйымдастырылған кезекті «Сыншылар жүлдесінде» Қаллеки театры «Қыз Жібек» драмалық операсындағы Қамқа рөлі үшін мен «Екінші пландағы жыл актрисасы» номинациясымен марапатталып, құрметке бөлендім. Ал «Жошы хан» тарихи драмасы үшін «Жыл костюм суретшісі» номинациясында Ерлан Тұяқов жеңімпаз атанды. Мен үшін бұл марапаттың орны бөлек. Бұл жерде режиссер жұмысын атап өткен жөн. Себебі, өз қызметімде театрмыздың жас режиссері Әлібек Әмірбекұлының маман ретінде қайсыбір қойылымның теориялық тұрғысын түсіндіріп қана қоймай, көрерменге әр рөлді жеткізе алуы өзгеше бір өнер дер едім. Актердің мықты болып шыңдалуына режиссер ретінде көп күш салатыны ерекше ұнайды.

2023 жылы Қазақстандағы бар театрларда 220 премьералар болған екен. Оған драма театрлар, музыкалық драма театрлар, опера және балет театрлары, ұлттық театрлар, қуыршақ театрлары кіреді. Соның 120 премьерасын «Сыншылар бірлестігі» қызметкерлері көріп, тұжырым жасап, нәтижесін шығарған. Осындай үлкен сарапта түскен актрисалар ішінде еңбегімді бағалаған бірлестікке алғысымды білдіремін. Өкінішке қарай, еңбегі орасан «Сыншылар бірлестігіне» қандай да бір демеушілік, не болмаса қаржылай қолдау көрсетіп жатқан ешкім жоқ екені белгілі. Бірлестік мүшелерінің өз мамандықтары бойынша атқаратын ұстаздық, танымдық ағартушылық қызметтерін қоса алғанда, нағыз өнерге қызмет ететін ерен еңбек иелері деуге болады. Осындай еңбектеріне сай театрлар тарапынан қолдау болса керемет болар еді. Себебі актер, режиссер, көрермен болса да, ешқандай сын болмаса, өнерде өсу болмайды.

– Әңгімеңізге рақмет! Мереке құтты болсын! Шығармашылық табыстар тілейміз!

Индира БЕРЖАНОВА

МУЗЕЙДІ ТҮНДЕ ТАМАШАЛАДЫ

Елордадағы Ұлттық музейде «Музей түні» іс-шарасы өтті. Мәдени іс-шара халықаралық музей күніне арналған.

Рухани-мәдени құндылықтарды, халқымыздың тарихын, мәдениетін бір кеңістікке біріктіре отырып, әр түрлі жанр мен стильдегі өнер туындыларын ұсыну, музей қызметін, ондағы экспонаттар мен жәдігерлерді кеңінен насихаттау мақсатында өткен іс-шараның ашылу рәсіміне қатысқан Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары Сәбит Барлыбаев Ұлттық музей қызметкерлері мен жиналған қауымды халықаралық музей әрі мәдениет және өнер қызметкерлері күні мерекелерімен құттықтады. «Барлығыңызды осынау мерекемен – халықаралық музей күнімен шын жүректен құттықтаймын! Жалпы, бұл

мереке жыл сайын мәдениетіміз бен тарихымыздың орталығы саналатын еліміздің басты музейі – Ұлттық музейде өткізіліп келеді. Бүгінде музей тек қана мәдениет нысаны ғана емес, сонымен бірге білім мен ғылым орталығына айналып отырғанын атап өткен жөн. Ол жас буынның бойына білім мен шығармашылыққа деген сүйіспеншілік дәнегін себеді. Сол себепті бүгінгі іс-шараның маңызы қоғам үшін өте зор» деді Сәбит Барлыбаев.

Іс-шараға өте көп адам жиналған, көпшілігі отбасымен келген. Оларға «Астана сазы» Қазақ мемлекеттік фольклорлық ансамблі, «Қазақконцерт» мемлекеттік концерт ұйымы әртістерінің қатысуымен кон-

церттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Музей қонақтарына колөнершілер жәрмеңкесі, «Дала кескіндемесі: рәміздер, бояулар, бейнелер» мен «Ерлікке тағым – елдіктің белгісі» көрмелері, Ұлттық музейдің консервация және қалпына келтіру қызметінің шеберлік сабақтары, «Музей қорындағы атақты тұлғалар домбырасының үнін жаңғырту» атты лекция-концерт ұсынылды. Сонымен қатар театрландырылған экскурсия, «Жұлдызды гид. 10 жұлдыз. 10 жауһар» шоу-жобасы да көрермен көңілінен шығып жатыр.

– Шынымен айтсам, мұндай іс-шараға алғаш рет кез болып отырмын. Бұрынырақ естігенмін, теледидардан да



көрген едім. Ал осы жерге келіп, мәдени іс-шараны өз көзіммен көру сезімі бөлек екен. Иә, әдетте музейде мұндай көп

адам бола бермейді. Жазды жаймашуақ күніндегі мұндай мереке көңілімізден шығып жатыр. Музейде уақытыңды

көңілді әрі пайдалы өткізуге болады екен, – деді «Музей түні» акциясына алғаш рет келген Анар Бекжанова.

IT МАМАНДАР САЙЫСЫ

Астанада IT университеті оқу ордасының 5 жылдығына орай «FR13NDS AITU CTF 2024: Ақпараттық қауіпсіздік және этикалық хакерлер» жарысы өтті.

Ақпараттық қауіпсіздік, кибершабуыл және оған қарсы іс-әрекетті жетілдіру, IT мамандарының біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған бұл іс-шараға еліміздің әр өңірінен 411 адам (126 команда) қатысты. Олардың қатарында: ҚБТУ, ҚазҰУ және ХАТУ секілді бірқатар іргелі жоғарғы оқу орындарының командалары мен «KazTransGlobal» ЖШС, ICV Central Asia, Freedom Holding, «GTS» АҚ, «Халық банкі» АҚ, т.б. жетекші компаниялардың өкілдері бар. 26-27 сәуірде өткен іріктеуден жоғары ұпай жинаған 10 команда финалдық ойында қайта кездесті.

Іс-шараны Астана IT университетінің Академиялық және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Болатжан Құмалақов ашып, қатысушы командаларға сәттілік тіледі.

«Ақпараттық қауіпсіздік мәселесіне жеке адамнан бастап, мемлекеттің деңгейіне де аса жа-



уапкершілікпен, сақтықпен қарайды. Ақпараттық қоғамда дәл қазір және бұдан кейін де жоғары сұраныста болатын саланың қыр-сырын білген сіздер – нағыз мамансыздар. Бұл – сіздердің кәсібиліктеріңізді шындайтын сайыс. Ізденістеріңіз, талпыныс-

тарыңыз тоқтамасын» деді ол. Финалда «Scimus verum», «Fsociety», «Mimicats», «Kbtu ctf enjoyers», «C1cada», «THREAT», «KTG», «R1p3rs», «ISV Central Asia», «Sudo cat» құрамалары «FR13NDS TEAM» және Astana IT университеті әзірлеген тапсыр-

маларды жылдамдыққа орындап, біліктілігін көрсетті. Нәтижесінде «Scimus verum» командасы жеңімпаз атанып, қаржылай 350 мың теңгенің сертификатын иемденді. Жүлделі II, III орындарды «Fsociety» және «Mimicats» құрамалары бөлісті.

ЕСКЕ АЛУ – ПАРЫЗЫМ

Мұсылмандардың мынадай сөзі бар: «жалғыздық құдайға ғана жарасқан». Бұл сөз менің отбасыма қатысы жоқ. Құдайға шүкір біздің әулет әзірге аманбыз. Солай болғай демекпін.



Қарағанды пединститутының физмат факультетінің 1961 жылы бір топта 20 студент бітіріп, жан-жаққа жолдамамен кетіп едік (суретте). Соған 62 жылдай болып қалды. Тобымыз ұйымшыл болды, әрбір он жылда кездесіп, бір маркайып қалатынбыз. Студенттік кезімізде тобымызда аздаған өзгерістер болып тұрды. Бастапқы кезде ауылшаруашылық жұмыстарына барып жүргенде бұхар-жыраулық Әділбек Исақов жол-көлік апатына түсіп, ауыр халде ауруханаға түсіп, оны да кезектесіп күзеттік. Ол сол жағдайда көз жұмды. 3-курс тобымызға Қызылорда пединститутынан Танау Нығызбаев келіп қосылды. Қостанайлық Жақсылық Әлменов пен ақтөбелік Нұрқасын Хожин мемлекеттік емтиханнан өте алмай қалды. Алғашқы он жылдықта бәріміз отбасын құрып, көпшілігіміз әке болып, өзіміз бітірген институттың ғимаратында жиналды. Кейбір өзімізді оқытқан Бану Құсаинова, Қаратаева, Рах, Вахольский т.б. ұстаздарымызбен кездесіп, кішкене әрқайсымыз «есеп» бердік. Содан кейін осы қалада қызметке қалған Жамбыл Ақылбаев пен Қабылқарим Ахметқаримовте қонақта болып тарқастық. Ол кезде ұялы телефон жоқ. Бір-бірімізді туған күндерімізбен, т.б. естелік шараларда құттықтап, амандығымызды біліп жүрдік. Екінші кездесуіміз 1981 жылы болды. Міне осы кездесудің алдында бір азаматымыздан айырылып қалдық, ол павлодарлық Сағынтай Қаназин. Одан кейінгі кездесуіміз 1991 жылы Балхашта болмағаны. Бұл кезең – Кеңес Одағының ыдырауының алдында елдегі саяси жағдай нашарлап қалған кез. Бұл

жолы көпшілігі келе алмады. Үш – төртеуіміз ғана болдық. Сағжан жақсы қарсы алып, Балхаш көлінде катермен саяхаттадық. Осы аралықта дәрігердің ауруды дұрыс таппауынан егіндібулақтық Орынбек Жәкішев қайтыс болды деген хабар алдық. Жезқазғанда мәдениет саласында қызмет атқарып жүрген Бектұрсын Шортанбаев та мәңгілікке аттаныпты. Біздің ұстазымыз болған Күрлеубаевқа тұрмысқа шыққан жалғыз қызымыз Гайныш Әбуованың қашан дүниеден озғанын білмейміз. Қабылқарим Абулиясов бір кездесуімізде бір аяғынан айырылып жүрген, содан қырық жылдыққа жетпей о дүниелік болды. 2001 жылы қырық жылдан кейін кездесуімізді университеттің ректоры болған Жамбыл Ақылбаев өз мойнына алды (суретте). Бірінші күні оқу орнының бір залында қабылдау жасады. Одан кейін 2-3 күн университеттің Топардағы профилакториясында дем алдық. Шілде айы болсада күн салқын болды. Содан айлар, жылдар өтіп жатты. Нашар хабарларда жилей бастады. Доскейлік Әмен Жылқыбаев инсульт болып қалды. Хал-жағдайын сұрайық деп Қабылқарим екеуіміз Доскейдегі үйіне бардық. Ауруына налып, Әмен көзіне жас алды. Павлодарлық Шота Машраповқа хат жазып, бір-екі фотосымен жауап алдық. Ол зауытта істеп жүргендігін, отбасылық бақытының жанбағандығын баяндапты. 2007 жылы Жамбыл Ақылбаев кенеттен қайтыс болды. Жаңарқа өңірінен Нағызбаев Танау о дүниелік болды деген суыт хабар жетті. Шеттік Жақан Арыстанбековті де ешкімге хабарламастан жерлепті.

2009 жылдың қазан айында мен 70 жылдығымды атап өттім. Осы мерейтойға жаңарқалық Қазкен Дәулетов, балхаштық Сағжан Аманжолов, қарқаралық Мақсұт Аймағамбетов пен Қабылқарим Ахметқаримов, сарышағандық Өмірзақ Тәттімбетов, екібастұздық Қайыр Жаналиев, шеттік Жамбыл Қаленов зайыбтарымен қатысып, ізгі тілектерін білдірді. Көбісіне осы соңғы кездесулері болды ғой деп ойлаймын.

2011 жылы Қарағандының Павлодар жақ сыртындағы «Саялы» демалыс орнында қалғандарымыз кездесіп, екі күн шүйірлесіп қалдық. Мұнда бір қызығы Қазкен Дәулетов бәйбішесімен келді. Оқып жүргенде еститінбіз Қазкен институтқа түскенге дейін үйленіпті деп. Сол жеңгемізді елу бес жылдан кейін көріп, ойнап көрдік бердік. Қазкен жол апатынан қайтыс болды. Содан көп ұзаған жоқ Қайыр мен Жамбыл дүние салды. Коронавирустың алдында Ақан Әубәкіров, Жарылғап Тохметов дүниеден озды.

2021 жылы жаз айында қалған мен, Мақсұт, Қабылқарим, Сағжан, Өмірзақ бесеуіміз кездесіп, Қарағандыда мешітке барып, құран бағыштапты, садақа беріп, бір дастарханнан ас ішіп, өткен 15 достарымызды еске алдық.

2019 жылы менің 80 жылдық мерейтойыма Мақсұт пен Өмірзақ ғана қатысты, Сағжан денсаулығына байланысты қатыса алмады. Коронавирус соңғы достарымның бірі Өмірзақты да алып кетті. Өткен жылы инсульттен Мақсұт дүние салды. Биыл Сағжанда дүниеден озды. Бүгін мен солардан жалғыз қалдым. Енді оларды туыстары мен ұрпақтарынан басқа ешкім еске алмайды. Оларды еске алу жалғыз қалған маған парыз деп есептеймін.

Ақын Серік Томановтың мына жолдарын келтіруді жөн көрдім:

«Ей, тірілер!
Өмір жоқ өлім барда.
Тілегім сол: соқпасын жолың жарға.
Қу тірліктің бағасын білгің келсе,
Көз қырынды салып қой қорымдарға».
Заман керуені бір сәт те толастамай алға жөнкіп, күн артынан күн келіп, айлар аттап, жылдар жылжып мына өмір шіркін уысқа ілінбей, құс қанатына ілесіп зулап, сусылдап өтіп жатады. Артында ұрпақтары қалды. Сол балалары, немере-шөберелері ата-анасына кір келтірмей, адал азамат болып, елінің өркендеуіне зор үлес қосып, сол үлкендеріне құран бағыштап, аруақтардың жаны жәннатта, тәні рахатта болуын тілеп жүруіне тілектеспін.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
Астана қалалық
Ардагерлер кеңесінің
медиа-тобының мүшесі

Астанада «Соңғы үкім» фильмінің алдын ала көрсетілімі өтті. Фильм қазақтың көрнекті ағартушысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың өмірінің барлық кезеңдерін қамтиды. Туынды 23 мамырдан бастап ел кинотеатрларына жол тартады.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНА АРНАЛДЫ

Толықметражды тарихи драманы Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысымен, Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен Folklore media студиясы түсірген.

«Ұлттық патриотизмді тек тарих оятады. Тәуелсіздіктің тамыры терең тарихтан бастау алады. Осыны Алаш алыптары айтып, қағазға түсірді. Біз де осындай тағлымға, өнегеге толы шығармалар көбейе берсін дейміз. Биыл 5 жылдық мерейтойын атап өткен Ұлттық кино орталығы осы бағытта отандық киноиндустрияны дамыту үшін министрлікпен бірлесе жұмыс істейтін болады» деді «Ұлттық киноны қолдау орталығы» АҚ басқарма төрағасы Құрманбек Жұмағали.

Фильмнің түсірілімі Алматы, Семей қалалары мен Абай, Алматы, Жетісу облыстарында ұйымдастыр-

ды. Түсірілім тобын Ерлан Нұрмұхамбетов пен Ерген Тоқмурзин басқарды.

«Ахаң ғылымға ғашық, рухани жағынан жетілген, қайратты да, жігерлі кемел адам болған. Жалпы, кез келген фильмді бастағанда осындай сезім бой түзейді. Бірақ, біз бұл жобаға барынша дайындалып келдік және де Ахаңды тану фильмді түсіру барысында да өз жалғасын тапты. Біз Ахаң ғұмыр кешкен уақыт пен кеңістікте өмір сүруге барымызды салдық» дейді Ерген Тоқмурзин.

Фильмде басты рөлді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Азамат Сағыбалды сомдайды. Сондай-ақ, картинаға Назғұл Қарабаева, Александр Багрянцев және Ерлан Кәрібаев түскен.

Анель АМАНГЕЛДИЕВА,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің студенті

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығының талаптарына сәйкес және ЖАО жауапкершілігіне жататын, жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету туралы қолданыстағы заңнаманың өзге де талаптарын басшылыққа ала отырып, қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлаймыз.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 11 маусымда, сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1 қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Заңды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Түркістан және Бұқар жырау көшелерінің шекараларында «4-5 қабатты емхана, паркингті, кіріктірілген-жапсарлас үй-жайларды

және кіріктірілген үй-жайлары бар көпфункционалды тұрғын үй кешенін» орналастыру бойынша егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету туралы тапсырыс берушісі «BINA Group» ЖШС өтінішін қарау.

2. Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №31 және №38 (жолбалақ атуалар) көшелердің қиылысу ауданында «Әкімшілік ғимараты» нысанынан «Мектеп-нысанына өзгерту бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету туралы тапсырыс берушісі «Singapore International School Kazakhstan» ЖШС өтінішін қарау.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар электрондық мекенжайға қоғамдық талқылаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін p.galymzhan@astana.kz немесе Астана қ., А. Мамбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол мерзімде қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 20/3 уч. мекенжайы бойынша орналасқан жер учаскесінде «Білім беру орталығы» объектісін орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына өзгерістер енгізу бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Қоғамдық талқылаулар

2024 жылғы 12 маусымда, сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1 қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар электрондық мекенжайға қоғамдық талқылаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін p.galymzhan@astana.kz немесе Астана қ., А. Мамбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол мерзімде қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығы және ЖАО жауапкершілігіне жататын жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету туралы қолданыстағы заңнаманың өзге де талаптарын басшылыққа ала отырып, «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлаймыз. Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 4 маусымда, сағат 11:00-ден бастап 13:00-ге дейін Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді. Заңды/жеке тұлғалардың

өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. Егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына өзгерістер енгізу туралы өтінімді қарау, «Гипермаркет» нысанынан «Автоорталық (автосалон)» нысанына өзгерту, Астана қ., Байқоңыр ауданы, Алаш тас жолы ауданында, 23/1, тапсырыс беруші «Magnum Cash&Carry» ЖШС.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар электрондық мекенжайға үлгіге сәйкес нысан бойынша қоғамдық талқылаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады s.alkuotova@astana.kz немесе Астана қ., Ә.Мамбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол.

ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ

Астанада белгілі қаламгер, қоғам қайраткері Ержұман Смайыл тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш-тақта орнатылды. БАҚ саласындағы Президент сыйлығының тұңғыш лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, кезінде «Egemen Qazaqstan» газетін басқарған Ержұман Смайыл Астана қаласындағы «Самал» шағын ауданындағы үйде тұрған еді.



Ескерткіш-тақтаны орнату рәсіміне «Egemen Qazaqstan» газетінің ұжымы, ардагер журналистер, Ержұман Смайылдың отбасы, туған-туыстары қатысты. – Ержұман ағамыз – «газетчик» ұғымын жоғары биікке көтерген адам. Сол арқылы мамандықтың мәртебесін асырды. Ол прозаға да барған жоқ, басқа жанрларға да қызыққан жоқ, тіпті Ерекеңнің алғашқы кітабы жасы елуден асқанда жарық көрді. Сонда да Ераға ерекше құрметтің иесі болды. Ұйымдастырушылық талантымен, өзгеге болсын деген өзгеше жомарт жүрегімен, жастарға деген қамқорлығымен көзге түсті. Бар өмірін журналистикаға, газеттің қара жұмысына арнаумен өтті. Сөйте жүріп БАҚ саласындағы Президент сыйлығының тұңғыш лауреаты атанды, – деді С.Абдрахманов.

Журналистика ардагері Жарылқап Бейсенбайұлы жастар газеті «Лениншіл

жасқа» қатар келгендерін, Ержұман Смайылдың келе сала өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен, іскерлігімен ерекшеленгенін жеткізді.

– «Лениншіл жастағы» мықты аудармашылар баспа саласына ауысып кеткен кез еді. Ержұман келе салып, бірден аударма ісін алып кетті. Тіпті мәтінді бірден «диктовка» жасай отырып, аударып тастайтын. Шаршамайтын, талмайтын Ержұман «Егеменде» де қара жұмысты атқарушы еді. Түнімен кезекшілікте болса да, таңертең жұмыста отыратын. Біз соған таңғалатынбыз, – деді Ж.Бейсенбайұлы.

Сенатор Нұртөре Жүсіп Ержұман Смайылдың өте сауатты редактор болғанына тоқталса, «Egemen Qazaqstan» газетінің бас редакторы Рабит Іскендерұлы Ер ағаның мінезді адам болғанын, сол мінезінің арқасында елге қадірлі болғанын жеткізді.

«ГАУНАРТАС» ТАҒЫ ДА ЖҮЛДЕЛІ БОЛДЫ

Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрының «Гауһартас» қойылымы «Qazaqstan Ticketon Awards – 2024» сыйлығын иеленді.

Нақтырақ айтқанда, аталған қойылым Қазақстандағы өнер, мәдениет және спорт саласындағы үздіктердің «Ticketon Awards – 2024» сыйлығының жеңімпаздары қатарынан табылды. Мемлекеттік театрлар арасында Д.Исабековтің «Гауһартас» музыкалық драмасы (режиссері А.Маамиров) Тикетон бойынша «Жылдың үздік спектаклі» атанды.

Бұл жүлде – отандық театрлар арасында бір жыл ішінде 200-ден астам рекордтық көрсетілім жасап, көрермен көзайымына айналған, еліміздің 13 қаласында аншлаппен өтіп жатқан Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры репертуарындағы «Гауһартас» музыкалық драмасының бір жыл ішіндегі алып жатқан төртінші марапаты.

«Ticketon Awards – 2024» – кино, мәдениет және спорт саласындағы үздіктерді анықтайтын еліміздегі жетінші сыйлық. Оған қатысатын үміткерлер арасынан мықтыларды көрермен арнайы сайтта онлайн дауыс беру арқылы анықтайды. Қазақ театр сүйер қауымының көзайымына айналған қойылымның жүлдесін алуға Алматыдағы марапаттау жиынына белгілі театр және кино актері, «Дарын» сыйлығының иегері Аян Төлепберген барып, қатысты. Ол «Гауһартаста» басты



кейіпкер, Салтанаттың жары Тастанның рөлін сомдайды.

Анель АМАНГЕЛДИЕВА,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлт-
тық университетінің студенті



8 АСТАНАЛЫҚ БОКСШЫ – ЧЕМПИОН

Астанада биыл үшінші рет өткен Elorda Cup халықаралық турнирі өз мәресіне жетті. Жарыс қорытындысы бойынша 24 салмақта жеңімпаздар анықталды.

Астана қаласынан өнер көрсеткен 15 боксшы ерлер мен қыздардың сегізі топ жарды. Оның 3-еуі – алтын, 3-еуі – күміс және 2-еуі – қола медаль иеленді. Атап айтқанда ерлер арасындағы бөсекеде әлем чемпионы Нұрбек Оралбай осы турнирде жаңа 86 келіде чемпион атанды.

Сондай-ақ, осы турнирде ерекше өнерімен есте қалған Тимур Нұрсейітов финалда (75 келі) алтыннан алқа тақты. Ол финалда 5:0 есебімен Армат Арманұлын ұтты. +92 келі салмақтың финалында Париж Олимпиадасының жолдама иегерлері елордалық Айбек Оралбай мен Қамшыбек Қоңқабаев жұдырықтасу керек болатын. Алайда Айбек Оралбай жекпе-жектен бас тартты, Қамшыбек Қоңқабаев финалда автоматты түрде чемпион

атанды. Айбек Оралбай тиісінше күміс жүлде еншіледі.

Тағы бір елордалық былғары қолғап шебері Асхат Жүсіпов айтулы турнирде күміс жүлдегер атанды. Асхат (48 келі) финалда жапон боксшысына 0:5 есебімен ұтылды. Екінші жартылай финалда 48 келі салмақтағы елордалық Әли Тоқтаров жапон спортшысына 0:5 есебімен ұтылып, айтулы турнирдің қола жүлдегері атанды.

Қыздар арасында Аида Әбікеева (63 келі) Elorda Cup халықаралық турнирінің жеңімпазы атанды. Ол финалда 5:0 есебімен өзбек боксшысын ұтты. Сондай-ақ, Ләззат Күнгейбаева (+81 келі) күміс жүлдегер атанды. Финалда жерлесіміз 4:1 есебімен Елдана Талиповадан ұтылды. Тағы бір былғары қолғап шебері Сәния

Сұлтанқызы (54 келі) турнирдің қола жүлдегері атанды.

6 күнге жалғасқан бөсекеде командалық есепте Қазақстанның ерлер командасы 9 алтын, 8 күміс, 14 қола; Өзбекстан – 1 алтын, 2 күміс, 2 қола; Қытай – 1 алтын, 1 күміс алды. Әйелдер арасындағы бөсекеде Қазақстан – 5 алтын, 5 күміс, 11 қола; Қытай – 4 алтын, 1 қола; Үндістан – 2 алтын, 2 күміс, 4 қола медаль иеленді.

Айта кетейік, 10 әлем чемпионы және 20-ға жуық Париж Олимпиадасының жолдама иегерлері жүлдеге таласты. Олардың қатарында Олимпиада жолдамасының иегерлері, Астана қаласының спортшылары Айбек Оралбай мен Нұрбек Оралбай бар. Бұл турнирде ағайынды Оралбайлар жаңа салмақта өнер көрсетті.

Жеңімпаздарға (1-орынға – 700 доллар, 2-орынға – 400 доллар, 3-орынға – 200 доллар) сыйақы берілді.

ВЕЛОШЕРУГЕ ҚАТЫСУШЫЛАР КӨБЕЙДІ

Елорда маңындағы жасыл белдеу аумағында маусымның алғашқы бұқаралық велошеруі өтті.

500-ге жуық қатысушы Қосшыға баратын жол бойындағы айналма веложолдан басталған 25 шақырым қашықтықты айнала жүріп, Үркер елді мекеніне барар жолдағы жасыл белдеу саябағында мәреге жетті.

«Бұған дейінгі іс-шарада 300-дей ғана қатысушы жиналса, осы жолы 500-ге жеткеніне куә болып отырмыз. Қала тұрғындарының бұқаралық спортқа деген қызығушылығы артып жатқанына қуаныштымын. Осындай спорттық іс-шараларда өзгелермен танысып, жасыл белдеудің керемет әсерін сезіндіңіздер деп ойлаймын» деді Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Исламбек Байманов.

Жарысқа велосипеді бар кез келген жастағы әуесқой спортшы қатысты.

«Мектеп кезден сан түрлі спорт түрімен айналыстым. Енді жасымыз ұлғайған сайын аурухананың табалдырығын тоздырғанша, жасыл белдеудің шаңын шығарғанды жөн деп таптым. Саралай келе, маған ең ұнайтын спорт түрі велоспорт екенін түсіндім. Кейінгі 2 жылда



Астанадағы барлық бұқаралық спорттық іс-шаралардан қалмауға тырысамын. Бүгін өмірімде бірінші рет лоторейдан жеңімпаз атанып, велосипед жеңіп алдым» деп қуанышын білдірді қала тұрғыны Наталья Морозова.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, аталмыш іс-шара спорттық жарыс болып саналмайды, велоше-

рудің басты мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау және велоспортпен белсенді айналысуға шақыру.

Бұқаралық велошеру аяқталғаннан кейін мәреде тіркелген велосипедшілер арасында 10 велосипед және Kira.kz дүкенінің брендтік сертификаттары ойнатылып, оларға палау мен ыстық шай ұсынылды.